

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

# ТҰРАҚТЫ ЛОГИСТИКАҒА АПАРАР ЖОЛДА

«Қазақстан темір жолы»
Ұлттық Компаниясы»
Акционерлік қоғамы

## 2016 жылғы
## тұрақты даму саласындағы
# ЕСЕП

# МАЗМҰНЫ

2-3

## ЖОЛДАУ


| | |
|---|---|
| Мүдделі тараптарға жолдау (Директорлар кеңесінің төрағасы) | 02 |
| Есеп оқырмандарына жолдау (Президент) | 03 |


4-9



## ЕСЕП ТУРАЛЫ


| | |
|---|---|
| Мүдделі тараптарды тарту | 05 |
| Аспектілердің маңыздылығы және шектері | 06 |
| Ашу деңгейі және верификация | 09 |


10-15



## КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ


| | |
|---|---|
| Тарих | 12 |
| Компанияның географиялық және нарықтық қатысуы | 12 |
| Қызметкерлер саны | 12 |
| Жеткізілімдер тізбегі | 13 |
| Компанияны Трансформациялау бағдарламасын іске асыру | 14 |
| Сыртқы бастамаларға қатысу | 15 |


16-23



## ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ


| | |
|---|---|
| Корпоративтік басқару | 18 |
| Директорлар кеңесі | 18 |
| Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер | 19 |
| Басқарма | 19 |
| Ұйымдық құрылым | 20 |
| Корпоративтік басқару кодексі | 21 |
| Тұрақты даму және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу саясаты | 21 |
| Этика және адалдық | 22 |

24-29

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК




Құрылған және таратылған экономикалық құн 26

Жергілікті жеткізушілердің үлесі 27

Тікелей емес экономикалық әсерлер 27


30-43

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК




Қызметкерлер 32

Зейнеткерлерге қамқорлық 35

Келешек ұрпаққа қамқорлық 36

Жас қызметкерлерге қамқорлық 36

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қамқорлық 37

Оқыту 38

Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету 38

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау 40

Қозғалыс қауіпсіздігі 41


44-49

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК




Экологиялық менеджмент жүйесі 46

Қоршаған ортаға эмиссиялар 47

Ресурстарды тұтыну 47


50-58

## ҚОСЫМШАЛАР


Глоссарий 52

Есепте GRI G4 есептілігінің жалпы стандарттық элементтерінің мазмұнын көрсеткіш 54

Есепте GRI G4 есептілігінің ерекше стандартты элементтерінің мазмұнын көрсеткіш 56


59

## БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

# Мүдделі тараптарға жолдау
# Директорлар кеңесінің төрағасы



**Құрметті ханымдар мен мырзалар!**

GRI тұрақты даму саласындағы есептілік жөніндегі басшылығына сәйкес халықаралық стандарттар мен практикаларға сәйкес дайындалған «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты дамуы туралы алғашқы есебі назарларыңызға ұсынылып отыр.

Бұл есептің мақсаты «ҚТЖ» ҰК» АҚ-тың тұрақты даму бойынша қызметінің барлық: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілері туралы барлық мүдделі тараптарды ақпараттандыру болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ – Қазақстанның ірі холдингі, оның қызметі өңіріміздің және, тұтас алғанда, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық аспектілеріне айтарлықтай әсер етеді.

Компания жаңа жұмыс орындарын құру, тасымалдау географиясын кеңейту және отандық экспорттық өнімдер үшін көлік шығындарын қысқарту, экономиканың шектес салаларында (құрылыс, өнеркәсіп, қызмет көрсету саласы және т.б.) тапсырыстар орналастыру және республика өңірлерінде жаңа өнеркәсіп объектілерін игерген кезде көлікпен қамтамасыз ету арқылы экономика мен қоғамды дамыту үшін жағдай жасай отырып, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытуда, көлік қызметтерінің жаһандық нарыққа экспортын ойдағыдай ілгерілетуде, жүрдек жолаушылар қозғалысын және қазіргі заманғы теміржолдық машина жасауды дамытуда, жылжымалы құрам мен отандық флотты модернизациялауда, тасымалдарды ұйымастыру процесіне жаңа технологияларды енгізуде.

Компанияның Қытай – Еуропа бағытындағы транскұрлықтық тасымалдарды дамыту жөніндегі белсенді жұмысы халықаралық сауда кезіндегі қоршаған ортаға экологиялық әсер етуін азайтуға оң әсер етуде. Мәселен, Халықаралық темір жолдар одағының бағалауы бойынша, СО2 шығару деңгейі теміржол көлігінде ең төмен: тасымалданатын жүктің 1 тоннасына 300 кг-ға жуық.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ салалық Ұжымдық шартта белгіленген әлеуметтік пакетті бере және үздіксіз оқытудың корпоративтік жүйесін дамыта отырып, өз қызметкерлеріне ерекше назар аударады.

2010 жылдан бері Компания еліміздің ең шалғай аудандарында жоғары білікті медициналық көмекті көрсететін медициналық поездардың жұмысын ұйымдастыру жобасын іске асыруда.

Өз стейкхолдерлерінің үмітіне барынша сай болу қағидасын ұстана отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты даму принциптеріне сәйкес міндеттердің кең спектрін шешеді.

Осы Есеп оқырмандарын, барлық мүдделі тараптарды тұрақты даму принциптерін ілгерілетуге белсенді қатысуға және жәрдемдесуге шақырғым келеді.

Күшімізді біріктіре отырып қана экономика, қоғам және, тұтастай алғанда, ел игілігіне теңгерімделген әрі үйлесімді дамуды қамтамасыз етуге болады! G4-1

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары
«ҚТЖ»ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
**А.Ұ.Мамин**

# Есеп оқырмандарына жолдау
# «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті



**Есептің құрметті оқырманы!**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – барлық көлік түрлері инфрақұрылымы мен сервистерінің дамуын қамтамасыз ететін халықаралық деңгейдегі көлік-логистикалық оператор.

Компания Қазақстанның ең ірі жұмыс берушісі және салық төлеушісі болып табылады.

Көптеген қызмет түрлерін жүзеге асыра отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұлттық экономика дамуына елеулі тікелей және жанама әсер етеді.

Әлемдік тауар нарықтарындағы жайсыз конъюнктураға, көршілес елдердің даму қарқынының тежелуіне және өңірдегі геосаяси ахуалдың өзгеруіне қарамастан, 2016 жылы Компания өзінің барлық міндеттемелерін орындады.

Темір жолмен жүк тасымалдауда жүк айналымының деңгейі 2016 жылы 2015 жыл деңгейінде сақталып, 188,2 млрд. т-км құрады. Бұл ретте бидайдың, қара металдардың, құрылыс жүктері мен тыңайтқыштардың экспорттық тасымалдарының артуы қамтамасыз етілді. Транзиттік тасымалдарда түсті руда мен химиялық жүктердің тасымалдары артты. Компания ҚХР – ЕО стратегиялық бағытындағы транзиттік тасымалдардың екі есе өсуін сақтап, Еуропадан ҚХР-ға кері тасымалдаудың 50-пайыздық деңгейін қамтамасыз етті. 2016 жылы Компания маршруттар географиясын кеңейтуді және жаңа транзиттік сервистерді енгізуді жалғастырды.

Жолаушылар тасымалдауда 2016 жылы тасымалдау көлемдерінің 2015 жылмен салыстырғанда 6%-ға артуы қамтамасыз етілді. Бұл жағдайда «Тұлпар – Тальго» жүрдек пойыздарындағы жолаушылар айналымы 1 032 млн. жолаушы-километрге, немесе 1,8 астам есеге артты. Бұған жаңа маршруттарды енгізу, сервис деңгейін арттыру, динамикалық баға құру жүйесін қолдану және билеттерге берілетін жеңілдіктердің түрлі схемаларын қолдану септігін тигізді.

«Жезқазған-Сексеуіл» және «Шалқар–Бейнеу» жаңа теміржол желілері бойынша жолаушы пойыздары, жаңа қала маңы электр пойыздары іске қосылып, жолаушы вагондарының паркі, соның ішінде жаңа модификациядағы «Тұлпар – Тальго» вагондарымен жаңартылды.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын және «100 қадам» ұлттық жоспарын іске асыру шеңберінде Компания «Қорғас – Шығыс қақпа» АЭА аумағында құрғақ порт пен инфрақұрылым құрылысын аяқтады, Құрық порты мен «Алматы–Шу» теміржол желісінің бірінші іске қосу кешендерін пайдалануға берді, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансқұрлықтық автомагистралінің қазақстандық бөлігіндегі қозғалысты ашты.

Жүйе қалыптастырушы және флагмандық компания бола отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ тұрақты даму мәселелері үшін жауапкершілікті түсінеді және мойындайды.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің алдыңғы қатарлы қағидаттарын ұстана отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2016 жылы Компанияның және оның мүдделі тараптарының тұрақты дамуына бағытталған көптеген шараларды іске асырды, олар:

- Лисаков қаласындағы теміржол вокзалын пайдалануға тапсыру;
- теміржол вокзалдарында мүгедектер мен қозғалысы шектеулі тұрғындар топтарына қызмет көрсету тәртібін анықтау;
- шалғайдағы станциялар мен разъездердің он үш мыңнан астам тұрғындарына медициналық пойыздармен қызмет көрсету;
- әлеуметтік жұмыс орындарына 600-ден астам мүгедекті жұмысқа орналастыру;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да «Магистраль» салалық бағдарламасы бойынша жиырма грант бөлу;
- Астанадан Қарағандыға және Көкшетауға жаңа электричкалар жөнелту;
- «Жезқазған – Сексеуіл – Қызылорда» жаңа бағдары бойынша пойыздар жіберу.

Тұрақты даму саласындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі туралы ақпаратты құрылымдау мақсатында, сондай-ақ қатар мүдделі тараптарымызды тиісті түрде ақпараттандыру үшін осы Есеп дайындалды.

Тұрақты даму саласындағы G4 есептілігі бойынша басшылыққа сәйкес дайындалған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есебі оқырман назарына ұсынылады. Бұл Есеп халықаралық стандарттар мен тәжірибелерге сәйкес әзірленген тұрақты даму саласындағы алғашқы есеп болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бұл Есепті жыл сайын, Есепте көрсетілген деректерді тәуелсіз тексеру процедураларын енгізе отырып, дайындауды жоспарлап отыр.

Будан басқа, қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да тұрақты даму саласындағы шешуші бастамалар мен жоспарларды анықтай отырып, Тұрақты даму саясатын әзекті ету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп отыр. Бұл іс-шаралар біздің жалғыз акционеріміз – «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Референстік тұрақты даму моделіне толығымен сәйкес келеді.

Сөз ретін пайдаланып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық мүдделі тараптарына Компаниямызбен жемісті қарым-қатынаста болуын тілегім келеді, сондай-ақ тұрақты даму және еліміздің ресурстары мен байлығын қунттау мәселелеріне көбірек қатысуға және жауапкершілікті арттыруға шақырамын. G4-1

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті
**Қ.Қ.Алпысбаев**

# Есеп туралы




**Есеп туралы**
Есептің мазмұнын анықтау және сапасын қамтамасыз ету тәсілдемелері туралы қысқаша ақпарат.

**Компанияның бейіні**
Компания, сала, негізгі өнімдері мен қызмет бағыттары туралы қысқаша ақпарат.

**Тұрақты дамуды басқару**
Корпоративтік басқару және тұрақты дамуды басқару ұстанымдары туралы қысқаша ақпарат.

**Экономикалық жауапкершілік**
Негізгі елеулі экономикалық аспектілер және нәтижелілік көрсеткіштері берілген.

**Әлеуметтік жауапкершілік**
Негізгі елеулі әлеуметтік аспектілер және нәтижелілік көрсеткіштері берілген.

**Экологиялық жауапкершілік**
Негізгі елеулі экологиялық аспектілер және нәтижелілік көрсеткіштері берілген.

**Қосымшалар**
1. Терминдер және анықтамалар
2. G4 басшылығына Есептің сәйкестігі кестесі

*Осы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есебі (әрі қарай – Есеп) Тұрақты даму саласындағы G4 есептілігі басшылығына сәйкес дайындалды. Бұл Есеп GRI G4 басшылығына сәйкес дайындалған тұрақты даму саласындағы алғашқы есеп болып табылады. Есеп жылдық циклге және күнтізбелік жылға тең келетін есептік кезеңге ие. Компания қызметіндегі процестерді түсіну мақсатында мүмкін болған жерінде Есеп «ҚТЖ» ҰК» АҚ нәтижелілік көрсеткіштерін талдаудың үш жылдық кезеңін қамтиды.*
➔ *G4-28–G4-30*

*Есеп барлық мүдделі тараптардың танысуына арналған және оны Компанияның корпоративтік сайтында көруге болады (www.railways.kz).*

# Мүдделі тараптарды тарту

Осы Есептің алдыңғыларынан негізгі айырмашылығы мүдделі тараптарды Есептің мәтінін дайындау процесіне тартуға алғаш рет шындап әрекет ету болып табылады. Бұл процеске мүдделі тараптарды тартудың алғашқы тәжірибесі жетілдіре түсетін жақтары болмауының мүмкін еместігін Компания түсінеді. Компания Тұрақты даму саласындағы есепті дайындау кезінде мүдделі тараптармен әрекеттесуді жетілдірудің келесі бағыттарын белгіледі:

1. Тұрақты даму саласындағы есепті дайындау бөлігінде мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тұрақты болуы тиіс, бұл ретте мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің белсенді сатысы сауалнама жүргізу үшін ғана емес, сондай-ақ тікелей кездесулер дөңгелек үстелдер және т.б. өткізу үшін де жеткілікті болуы тиіс.
2. Кейбір жағдайларда тұрақты даму саласындағы есептілігінің елеулі аспектілері мен басқа да мәселелері бойынша пікірді анықтау процесіне мүдделі тараптардың қатысуына уәждеме қажет. G4-25

Есепті дайындау сәтінде Компания мүдделі тараптардың келесі топтарын анықтады: G4-24

*1-сурет. Мүдделі тарап картасы*




Компаниядағы ішкі сауалнама нәтижелері Компания үшін ең елеулі мүдделі тараптар болып келесілер табылатындығын көрсетті:

| Мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) | Мүдделі тараптардың Компанияға әсері | Компанияның мүдделі тараптарға әсері | Балл жиынтығы (қорытынды рейтинг) |
|---|---|---|---|
| Менеджмент | 40 | 38 | 78 |
| Қызметкерлер | 34 | 41 | 75 |
| Еншілес ұйымдар | 34 | 37 | 71 |
| Тұтынушылар | 34 | 36 | 70 |

Компания Есептегі аспектілердің маңыздылығына және ашылатын тақырыптарға қатысты анағұрлым маңызды мүдделі тараптарға сауалнама жүргізді. Көрсетілген ең елеулі стейкхолдерлерден бөлек, кеңесшілердің бастамасы бойынша жүргізілген сауалнамалар Компанияның мүдделі тараптарының келесі топ өкілдеріне қосымша жіберілді:

- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (әрі қарай – «Самұрық-Қазына» АҚ);
- Компанияның Директорлар кеңесінің Төрағасы және барлық мүшелері;
- Компания Басқармасының Төрағасы және барлық мүшелері;
- кәсіподақ ұйымының басшысы;
- Компанияның қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін білдіретін қоғамдық бірлестіктің/қауымдастықтың басшысы;
- ірі инвесторлар және/немесе кредиторлар.

Стейкхолдерлерге сауалнама жүргізу нәтижелері Компанияға аспектілердің және Есепте ашылатын тақырыптар мен аспектілер маңыздылығының әділ көрінісін құруға мүмкіндік берді. G4-26. G4-27

# Аспектілердің маңыздылығы мен шектері

Компания аспектілердің маңыздылығын екі критерийді:

1) Компанияның (аспектілерге) әсер ету маңыздылығын;
2) мүдделі тараптарға (аспектілердің) әсерін ескере отырып, анықтады.

Аспектілер маңыздылығының критерийлері тартылған мүдделі тараптардың топ өкілдері-не сауалнама жүргізу нәтижелері бойынша анықталды. Сауалнама жоғарыда көрсетілген, әрқайсысы 10 балдық шәкіл бойынша бағалануы мүмкін екі критерий бойынша әрбір аспектіні бағалау мүмкіндігін берді. Маңызды аспектілер болып екі критерий бойынша мәндерін жинақтағанда 18 балдан астам жинаған аспектілер танылды. G4-18

*2-сурет. Маңызды аспектілер матрицасы*



*1-кесте. Маңызды аспектілер тізбесі G4-19*

| № | Тұрақты даму аспектілері | GRI көрсеткіштері |
|---|---|---|
| 39 | Заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік | G4-SO8 |
| 6 | Энергия | G4-EN3 – EN7 |
| 30 | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибелері | G4-HR7 |
| 19 | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | G4-LA5 – LA8 |
| 17 | Жұмыспен қамтылу | G4-LA1 – LA3 |
| 1 | Экономикалық нәтижелілік | G4-EC1 – EC4 |
| 42 | Тұтынушының денсаулығы және қауіпсіздігі | G4-PR1 – PR2 |
| 45 | Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық | G4-PR8 |
| 36 | Жемқорлыққа қарсы әрекет ету | G4-SO3 – SO5 |
| 27 | Қауымдастықтардың және ұжымдық шарттарды жүргізудің еркіндігі | G4-HR4 |




Аспектілердің маңыздылығын анықтау әдістемесін ескере отырып, маңызды ретінде анықталған әрбір аспект Компанияның ішінде де, сондай-ақ Компаниядан тыс маңызды болды.

Аспектілердің шектері Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының (әрі қарай – ЕТҰ) негізгі экономикалық көрсеткіштерін және ауқымдарын негізге ала отырып анықталды. Компанияның жұмыс тобының талқылау нәтижелері бойынша Компанияның негізгі талданатын ЕТҰ ретінде келесі төрт компания белгіленді:

1. «Жолаушылар тасымалы» АҚ;
2. «ҚТЖ–Жүк тасымалы» АҚ;
3. «Қазтеміртранс» АҚ;
4. «KTZ Express» АҚ. G4-17

*2-кесте. Аспектілердің маңыздылығы және олардың шектерінің кестесі G4-20, G4-21*

| № | Тұрақты даму аспектілері | Маңыздылығы (+/-) | Аспектінің шектерін қамтуы | Стейкхолдерлерді қамту |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Экономикалық нәтижелілік | + | Топ* | Акционерлер, инвесторлар |
| 2. | Нарықтарда болуы | – | – | – |
| 3. | Тікелей емес экономикалық әсерлер | – | – | – |
| 4. | Сатып алу тәжірибелері | – | – | – |
| 5. | Материалдарды пайдалану | – | – | – |
| 6. | Энергия | + | Топ* | Мемлекеттік органдар, жеткізушілер, жергілікті қоғамдастықтар |
| 7. | Су | – | – | – |
| 8. | Биоалуандылық | – | – | – |
| 9. | Шығарындылар | – | – | – |
| 10. | Төгінділер мен қалдықтар | – | – | – |
| 11. | Өнімдер мен қызметтер | – | – | – |
| 12. | Экологиялық талаптарға сәйкестік | – | – | – |
| 13. | Көлік | – | – | – |
| 14. | Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығыстар мен инвестициялар | – | – | – |
| 15. | Жеткізушілерді экологиялық тұрғыда бағалау | – | – | – |
| 16. | Экологиялық проблемаларға шағым беру механизмдері | – | – | – |
| 17. | Жұмыспен қамтылу | + | Топ* | Қызметкерлер, кәсіподақтар |
| 18. | Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы | – | – | – |
| 19. | Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік | + | Топ* | Қызметкерлер, кәсіподақтар |
| 20. | Дайындық және білім | – | – | – |
| 21. | Алуан түрлілік және тең мүмкіндіктер | – | – | – |
| 22. | Ер адамдарға және әйелдерге тең сыйақы төлеу | – | – | – |
| 23. | Жеткізушілердің еңбек қарым-қатынастары тәжірибесін бағалау | – | – | – |
| 24. | Еңбек қарым-қатынастары тәжірибесіне шағым беру механизмдері | – | – | – |
| 25. | Инвестициялар | – | – | – |
| 26. | Кемсітушілікке жол бермеу | – | – | – |
| 27. | Қауымдастықтардың және ұжымдық шарттарды жүргізудің еркіндігі | + | Топ* | Қызметкерлер, кәсіподақтар |
| 28. | Балалардың еңбегін пайдалану тәуекелі | – | – | – |

| № | Тұрақты даму аспектілері | Маңыздылығы (+/-) | Аспектінің шектерін қамтуы | Стейкхолдерлерді қамту |
|---|---|---|---|---|
| 29. | Мәжбүрлі және міндетті еңбекті пайдалану тәуекелі | – | – | – |
| 30. | Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибелері | + | Топ* | Менеджмент, акционерлер |
| 31. | Тұрғылықты және саны аз халықтардың құқықтары | – | – | – |
| 32. | Адам құқықтарының сақталуын бағалау | – | – | – |
| 33. | Жеткізушілердің адам құқықтарын сақтауын бағалау | – | – | – |
| 34. | Адам құқықтарының бұзылуына шағым беру механизмдері | – | – | – |
| 35. | Жергілікті қауымдастықтар | – | – | – |
| 36. | Жемқорлыққа қарсы әрекет | + | Топ* | Менеджмент, акционерлер, қызметкерлер, серіктестер, мемлекеттік органдар |
| 37. | Мемлекеттік саясат | – | – | – |
| 38. | Бәсекеге кедергі келтіру | – | – | – |
| 39. | Заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестік | + | Топ* | Мемлекеттік органдар |
| 40. | Жеткізушілердің қоғамға ықпалын бағалау | – | – | – |
| 41. | Қоғамға тигізген ықпалға шағым беру механизмдері | – | – | – |
| 42. | Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі | + | Топ* | Тұтынушылар, жергілікті қоғамдастықтар |
| 43. | Өнімдер мен қызметтердің таңбалануы | – | – | – |
| 44. | Маркетингілік коммуникациялар | – | – | – |
| 45. | Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық | + | Топ* | Тұтынушылар, жергілікті қоғамдастықтар |
| 46. | Өнімдер мен қызметтердің нормативтік талаптарға сәйкестігі | – | – | – |
| 47. | «Көлік және логистика» салалық аспектілері | – | – | – |

** – Топқа «ҚТЖ» ҰК» АҚ және келесі ЕТҰ бойынша ақпарат енгізілген:*

*1) «Жолаушылар тасымалы» АҚ;*

*2) «ҚТЖ–Жүк тасымалы» АҚ;*

*3) «Қазтеміртранс» АҚ;*

*4) «KTZ Express» АҚ.*

Бұл Есеп GRI G4 басшылығына сәйкес дайындалған тұңғыш есеп болып табылатындықтан, Есепте алдыңғы есептерде жарияланған көрсеткіштердің қайта тұжырымдалуы, сондай-ақ аспектілердің шектерінде және қамтылуында өзгерістер жоқ. G4-22, G4-23

## Ашу деңгейі және верификация

Осы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есебі GRI G4 басшылығының Негізгі нұсқасына сәйкес дайындалды. G4-32

Осы Есеп тәуелсіз верификация процедурасынан өтпеді. Болашақта Компания Есеп немесе оның жекелеген аспектілері верификациясының тұрақты (жыл сайынғы) тәжірибесін енгізуді жоспарлап отыр. G4-33

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

**Қызметкерлердің саны**

**133 393**

**адам**

**Темір жолдың ұзындығы**

**20 506**

**шақырым**






**Тасымалданған жолаушылар**

**20 348 мың**

**адам**

**Тасымалданған жүктер**

**244 201,6 мың**

**тонна**

# Тарих

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Қоғам») Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15 наурыз 2002 жылғы № 310 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» Жабық акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысына сәйкес құрылған.

Қазақстан Республикасының 13 мамыр 2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Қоғам атауы өзгертілді: «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» Жабық акционерлік қоғамы» атауы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы» атауына. G4-3

Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ тасымал процесіндегі функционалдық тұтастығын және басқарылуын қамтамасыз етуге негізделген холдинг құрылымына ие. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Жалғыз акционері болып табылады.G4-7

Қазіргі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ – бұл логистикалық және тасымалдаушы компанияларды, көліктің барлық түрлерінің терминалдық және магистралдық инфрақұрылымы иелерін біріктіріп отырған көп деңгейлі, вертикальды интеграцияланған көлік-логистикалық холдинг.




# Компанияның географиялық және нарықтық қатысуы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Бас офисінің орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 6. G4-5

Компанияның Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жердегі өкілдіктері бар:

1. ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданындағы өкілдігі, (Үрімші қ-сы);
2. ҚХР мен Оңтүстік Шығыс Азия елдеріндегі өкілдігі, (Пекин қ-сы);
3. Орталық Азия өңіріндегі өкілдігі, (Ташкент қ-сы);
4. Түрікменстандағы өкілдігі, (Ашхабад қ-сы);
5. Балтық және Батыс Еуропа елдеріндегі өкілдігі, (Рига қ-сы);
6. Ресей Федерациясындағы өкілдігі, (Мәскеу қ-сы);.
7. Еуропалық ТМД елдеріндегі өкілдігі (Минск қ-сы). G4-6

Компания және оның еншілес және тәуелді ұйымдары теміржол және теңіз тасымалдарын жүзеге асырады, көлік-логистикалық орталықтар, сондай-ақ теңіз порты, әуежай және автожол инфрақұрылымы қызметтерін көрсетеді. G4-4

Еуропадан Қытайға трансқұрлықтық контейнерлік тасымалдардың Компания үшін стратегиялық сегментінде 2016 жылы Компания 105 мың контейнер көрсеткішіне қол жеткізді, бұл 2015 жылғы деңгейден екі есе асып түседі. 2016 жылы Компания бағдарлардың географиясын кеңейтуді жалғастырып, жаңа көлік сервистерін енгізді. Оңтүстік Шығыс Азиядан Дубай арқылы Еуропаға апаратын қолданыстағы «Sea-Air» логистикалық тізбегіне балама ретінде жаңа «Rail-Air» мультимодалдық көлік өнімін дамыту аясында 2016 жылы Қазақстан аумағы арқылы Амстердамға, Стамбулға және Мәскеуге жөнелтілімдер ұйымдастырылды. G4-8

# Қызметкерлер саны

Компания Қазақстандағы қызметкерлері ең көп жұмыс беруші болып табылады: Қазақстан Республикасы халқының шамамен 0,8% «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобының кәсіпорындарында жұмыс істейді. 2016 жылдың соңында Компания қызметкерлерінің іс жүзіндегі саны 133 393 адамды құрады. G4–10

*1-диаграмма. Жас санаты бойынша қызметкерлер құрылымы*




*2-диаграмма. Гендерлік белгісі бойынша қызметкерлер құрылымы*



**«ҚТЖ» ҰК» АҚ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ:**

**Қолданыстағы инфрақұрылымы:**

1) Астана қ. сауда-логистикалық орталығы;
2) Шымкент қ. сауда-логистикалық орталығы;
3) Ляньюньган п. (Қытай) сауда-логистикалық орталығы;
4) Құрық портындағы паром кешені;
5) Ақтау солтүстік теңіз терминалы;
6) «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы.

**2017–2020 жылдарда қолданысқа берілетін болады:**

1) Ақтөбе қ. сауда-логистикалық орталығы;
2) Ақтау қ. сауда-логистикалық орталығы;
3) Өскемен қ. сауда-логистикалық орталығы;
4) Душанбе қ. (Тәжікстан) сауда-логистикалық орталығы;
5) Бандер-Аббас п. (Иран) сауда-логистикалық орталығы;
6) Мундра п. (Үндістан) сауда-логистикалық орталығы;
7) Ыстамбұл қ. (Түркия) сауда-логистикалық орталығы;
8) Клайпеда п. (Литва) сауда-логистикалық орталығы.




## Жеткізілімдер тізбегі

Сатып алу қызметін жүзеге асырған кезде «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының Сатып алу қызметін басқару жөніндегі саясатын және «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ–на меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдарының тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларын басшылыққа алады. G4-12

Осы Саясат және Сатып алу қағидалары сатып алу қызметін басқарудың келесі қағидаттарын белгілейді:

- үнемділік қағидаты (қаражаттарды ұтымды жұмсау);
- сатып алудың айқын болуы қағидаты;
- адалдық қағидаты;
- жеткізушілермен өзара қарым-қатынасты дамыту қағидаты;
- сатып алудың уақытылы жүруі қағидаты;
- сатып алу қызметін басқару үдерістерін жетілдіру қағидаты;
- қорларды азайту қағидаты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ сатып алуы туралы барлық ақпарат Компанияның www.railways.kz корпоративтік сайтында, сондай-ақ www.tender.sk.kz мамандандырылған сатып алу порта-

лында орналастырылады және барлық ықтимал жеткізушілерге қолжетімді. Электронды сатып алу жүйесі сатып алу үдерісінің тиімділігін елеулі түрде жоғарылатуға және оның жоғары айқындылықпен жүргізілуіне мүмкіндік береді. G4-12

*3-диаграмма. Сатып алудың жалпы көлемі, млрд. теңгеде*




*4-диаграмма. Жүргізілген сатып алудың жалпы саны, млрд. теңгеде*




*3-кесте. 2016 жылғы сатып алу көлемі*

| Көрсеткіштер | Сома, млрд. теңгеде | |
|---|---|---|
| | Құрылымдық бөлімшелер | Еншілес кәсіпорындар |
| **Сатып алудың жалпы көлемі** | **853,3** | |
| Ашық тендер | 31,8 | 156,6 |
| Баға ұсыныстары | 3 | 6,1 |
| Бір көз | 201,8 | 454 |
| **Жүргізілген сатып алудың жалпы саны** | **850,8** | |
| Ашық тендер | 30 | 155,8 |
| Баға ұсыныстары | 2,2 | 6,1 |
| Бір көз | 202,5 | 454,2 |
| **Жасалған шарттардың жалпы көлемі** | **850,8** | |
| Ашық тендер | 30 | 155,8 |
| Баға ұсыныстары | 2,2 | 6,1 |
| Бір көз | 202,5 | 454,2 |

# Компанияны Трансформациялау бағдарламасын іске асыру

2015 және 2016 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясына өзекті сипат беру, процестер моделін қалыптастыру жұмысы жүргізілді, қызметтің стратегиялық шешуші көрсеткіштері бекітілді, ҚШК және жаңа АТ архитектурасы әзірленді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасы аясында Компания өзінің операциялық моделін және орталық аппараттың рөлін қайта қарады, нәтижесінде 2016 жылғы 21 сәуірде орталық аппарат құрылымы бекітілді. Атап айтқанда, басқарушы директорлар позицияларын шығару есебінен басқару деңгейлерін оңтайландыру жүргізілді, адами ресурстардың (HR) стратегиялық рөлі жоғарылатылды, еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына (HSE), сондай-ақ ақпараттық технология (IT) мәселелеріне көбірек назар аударылды.

Бағдарламаның барлық жобалары «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының Бизнесті модернизациялау және трансформациялау жөніндегі кеңесі 2016 жылғы 13 желтоқсанда бекіткен Жобалар портфелінде құрылымдалды. G4-9

Мәселен, басымдылардың қатарына келесі жобалар енді:

- «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді (ТҚЖ) басқарудың жаңа моделін енгізу;
- «Біріктірілген жоспарлау жүйесі»;
- «Маркетинг пен сатылымның жаңа моделін енгізу;
- «Сатып алуды санаттық басқару»;

— «Өндірістік қауіпсіздікті басқару бойынша жаңа модельді енгізу»;
— «Кәсіпорынды басқарудың негізгі үдерістерін енгізу».

2016 жылдың маңызды нәтижесі нысаналы ұйымдық құрылымға өту болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Трансформациялау бағдарламасының командасы консультанттардың қатысуымен жұмыс атқарды, оның қорытындысы бойынша 2016 жылдың сәуірінде Компанияның қайта құрылымдалуы басталды.

2016 жылдың шілдесінде «ҚТЖ–Жүк тасымалдары» АҚ – Қазақстан Республикасының жүк теміржол тасымалдаушысы құрылды.

Жүктерді темір жолмен тасымалдау қызметін толық қанды жүзеге асыру үшін «ҚТЖ–Жүк тасымалдары» АҚ «ҚТЖ» ҰК» АҚ кейбір филиалдарының функциялары мен саны табысталып, нәтижесінде бүкіл желідегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірқатар филиалды оңтайландыруға қол жеткізілді.

Контейнерлік парктің операторы – «Казтранссервис» АҚ мультимодалды көлік-логистикалық компаниясы – «KTZ Express» АҚ-на қосылды.

Меритократия қағидаларын енгізу мақсатында және жаңартылған оралымдық бизнес-модельді жүзеге асыру, мақсатты бизнес-процесстерді қалыптастыру аясында Компанияда Job matching жобасы – кандидаттың атқарып отырған лауазымына сәйкестігін бағалау жүзеге асырылады.

Job matching CEO-1 деңгейіндегі лауазымдардан бастап, «жоғарыдан-төмен» басқару деңгейілері бойынша кезеңді түрде жүзеге асырылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының бизнесті жаңғырту және трансформациялау жөніндегі Кеңесімен құзыреттердің мақсатты моделі бекітілді, сонымен қатар, Компанияның CEO-1 деңгейіндегі лауазымдарды сипаттау жобаларын әзірлеу бойынша жұмыстар атқарылуда.

2016 жылдың қарашасында «Астана қаласында көп функционалды қызмет көрсету орталығын құру» пилоттық жобасы іске қосылды. Жобаның ұйымдастырылу периметріне Астана қаласында орналасқан филиалдар кірді, бухгалтерлік, салықтық және кадрлық есептер функционалды түрде қамтылды. Көп функционалды қызмет көрсету орталығын құру жекелеген филиалдан шығару және бір орталықта шоғырландыру арқылы жалпы, қайталанатын, қосалқы бизнес-үдерістерді жоюға бағытталған, бұл филиалдардың басшыларын өндірістік үдеріске тікелей қатысы жоқ функцияларды басқарудан босатуға мүмкіндік береді.

Жобаны болашақта кеңейту мүмкіндігімен магистралдық желінің өңірлік бөлімшелерінің (НЖС) қызмет атқару орындарында 12 өңірлік орталық құру жолымен Компания филиалдарына жаю көзделуде.

Корпоративтік портфельді оңтайландыру және 2016–2020 жылдарға көзделген Жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру аясында 2016 жылы жалпы сомасы 24 млрд. теңгені құрайтын 11 актив өткізілді, бұл да «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының арасындағы үздік көрсеткіш болып табылады. G4-13

## Сыртқы бастамаларға қатысу

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінде тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады. Бұл тәуекелдерді және/немесе оқыс оқиғаларды басқару бойынша шешімдер қабылдау мәселелеріне де қатысты. Елеулі немесе қайтымсыз нұқсан келу қаупі туындаған жағдайларда толық ғылыми сенімділіктің болмауы қоршаған орта жағдайының нашарлауын алдын алу бойынша экономикалық тиімді шаралардың қабылдау мерзімін кейінге қалдыру үшін себеп ретінде пайдаланылмайды. Осылайша, 1992 жылғы БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау және дамыту туралы декларациясының №15 қағидаты сақталады (Сақтық қағидаты). G4-14

2011 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ БҰҰ Ғаламдық шартына қосылып, БҰҰ Ғаламдық шартының адам құқықтарын, еңбек қатынастарын сақтау, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы он қағидатын қолдайды. G4-15

Мүдделі тараптарымен өзара тиімді әрекеттесу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ әртүрлі бастамаларды қолдайды, олардың арасында:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экспедиторлар қауымдастығы.
2. «Қазақстан салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі.
3. «KAZLOGISTICS» көлік және логистика ұйымдары мен қауымдастықтары одағы сияқты түрлі кәсіби одақтар мен қауымдастықтарға қатысады. G4-16



## «ҚТЖ» на 2018-2022 жж. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару рейтингісінің мақсаттық көрсеткіштері

### Корпоративтік басқару рейтингісі [1]

| Жыл | Рейтинг |
|---|---|
| 2018 | BB |
| 2019 | BB |
| 2020 | BBB |
| 2021 | BBB |
| 2022 | A |

[1] *Рейтинг 26 қыркүйек 2016 жылғы Қор Басқармасының шешімімен бекітілген, Хаттама №35/16, «Самұрық-Қазына» АҚ тікелей немесе жанама тиесілі болатын дауыс беруші акциялардың елу пайызынан асатын Заңды тұлғаларда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі негізінде есептеледі.*




# ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

# Тұрақты дамуды басқару

## Корпоративтік басқару

*3-сурет. Басқару құрылымы*




## Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі құрамының құрылымы Жалғыз акционер мүдделерінің әділ және объективті білдірілуін қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер анықтайды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі сегіз мүшеден тұрады, оның төртеуі тәуелсіз болып табылады. Директорлар кеңесі Компанияның қызметін тиімді басқару және тиісті түрде бақылау үшін Жалғыз акционердің алдында жауапты болады.

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 12 отырыс өткізді, оның 10-ы қатысу тәртібінде және 2-еуі сырттай өткізілді. G4-34

## Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

Қазіргі уақытта «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жанында Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін арттыру және корпоративтік басқару құрылымын жетілдіру мақсатында құрылған және Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органдары болып табылатын 4 комитет бар (Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 тамыздағы шешімі, №8 хаттама).

Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

Компанияда Директорлар кеңесі жанында төрт комитет құрылған және жұмыс істейді:
- Аудит жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және инновациялар жөніндегі комитет;
- Кадр және сыйақы мәселелері жөніндегі комитет;
- Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет.

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің 28 отырысы өткізілді.

Тұрақты даму мәселелерін қарау Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің құзыретіне енеді, бұл осы Комитеттің тұрақты даму мәселелеріндегі жалпы үйлестіру функциясын көздейді.

Тұрақты даму мәселелерін белгілі бір дәрежеде Кадр және сыйақы мәселелері (кадрлық мәселелер) жөніндегі комитет те қарастырады.

## Басқарма

Басқарманың негізгі міндеттері Қоғам қызметінің стратегиясы бойынша ұсыныстарды әзірлеу, Қоғамның қаржы-шаруашылық саясатын іске асыру, оның ағымдағы шаруашылық қызметінің маңызды мәселелері бойынша шешімдерді әзірлеу және оның бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру, бақылау жүйесінің және тәуекелдерді мониторингтеу жүйесінің тиімділігін арттыру, Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 38 отырысы өткізілді, соның ішінде қатысу тәртібіндегі отырыстар – 35, сырттай – 3 отырыс. «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының қарауына 412 мәселе шығарды. G4-34



# Ұйымдық құрылым

*4-сурет. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұйымдық құрылымы*



# Корпоративтік басқару кодексі

Компаниядағы басқару жүйесін жетілдіру мақсатында 2015 жылғы 27 мамырда – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№22/15 хаттама) Корпоративтік басқару кодексі (әрі қарай – Кодекс) бекітілді.

Кодекстің мақсаты Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың айқындылығын қамтамасыз ету, тиісті корпоративтік басқару стандарттарын қолдануға Компанияның бейілділігін растау болып табылады. Кодекс екі бөліктен тұрады: негізгі қағидаттар мен аңдатпалар – негізгі қағидаттарды іске асыруға арналған қағидалар мен түсіндірмелер.

Компаниядағы корпоративтік басқару туралы толығырақ ақпарат Компанияның 2016 жылғы Жылдық есебінде берілген. G4-34




# Тұрақты даму және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу саясаты

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Компанияның Корпоративтік басқаруының негізгі қағидаттарының бірі тұрақты даму болып табылады. Компания өзінің тұрақты дамуын және мүдделі тараптар мүдделерінің балансын сақтауды қамтамасыз ете отырып, ұзақ мерзімді құнының өсуіне ұмтылады. Компания акционерлер мен инвесторлар үшін ұзақ мерзімді құнының өсімін де қамтитын ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келістілігін қамтамасыз етеді. Компанияда тұрақты даму үш: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құраушыдан тұрады. G4-34

Компания бүкіл топта тұрақты даму қағидаттарының ілгерілетілуін қамтамасыз етеді.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу Компанияның ағымдағы жергілікті акттермен анықталады.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуінің негізгі нысаны болып Компания өкілдерінің белгіленген тәртіпте олардың қызметіне қатысуы табылады. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің мамандандырылған жоспары әзірленуде. G4-34

Бизнестің корпоративтік идеологиясы мен философиясы аясында Компания мүдделі тараптардың алдында бірқатар міндеттемелерді өзіне алды:

**Жалғыз акционер алдында**

Жалғыз акционердің мүлкін қорғау, акционерлік капиталдың құнын көбейтуге бағытталған шараларды қабылдау және осы сала үшін пайданың бәсекеге қабілетті нормасын қамтамасыз ету.

**Клиенттер алдында**

Клиенттердің сеніміне ие болу және оны сақтау, бизнес-үдерістерді және басқару жүйелерін ұдайы жақсарту негізінде тиімді бағасымен, қауіпсіздігімен, сапасымен және сервистік қызмет көрсетуімен ерекшеленетін қызметтерді ұсыну.

**Қызметкерлер алдында**

— Қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу, оларға лайықты және қауіпсіз еңбек жағдайын, сондай-ақ салалық өзіндік ерекшелікті ескере отырып, еңбекақы және әлеуметтік төлемдерді төлеудің бәсекеге қабілетті шарттарын беру.

— Біздің қызметкерлеріміздің кәсіби дамуына жағдай жасау, олардың әлеуетін іске асыруға және шығармашылық бастамасын білдіруіне жағдай жасау.

— Қызметкерлердің, сондай-ақ Компания жүзеге асыратын қызметпен байланысты қауіпке ұшырауы мүмкін басқа мүдделі тараптардың жарақат алуын және денсаулығының нашарлауын болдырмау.

**Іскер серіктестер алдында**

Мердігерлермен, жеткізушілермен және бірлескен кәсіпорындар бойынша серіктестермен өзара тиімді ынтымақтасуға ұмтылу. Ынтымақтастықта Компания қызметінің жалпы қағидаттарын немесе оларға ұқсас қағидаттарды қолдануға мүмкіндік туғызу. Осындай қағидаттарды тиімді қолдану мүмкіндігі шешім қабылдау немесе серіктестік қатынастарды жалғастыру үшін маңызды фактор болып табылады.

**Қоғам алдында**

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ескере отырып қызметті жүзеге асыру; қолданыстағы заңдар мен нормаларды қадағалау; адам құқықтарын қолдау; қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды орындау және қоршаған ортаның ластануын болдырмау. G4-34

## Этика және адалдық

Этика стандарттары мен нормаларын қалыптастыру және қолдау мақсатында Компанияда Іскерлік этика кодексі әзірленген және бекітілген. G4-56

Көрсетілген Кодекстің мақсаты корпоративтік мәдениетті дамыту және жетілдіру, Компанияның лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің іскерлік әрекет практикасын қолдану негізінде мүдделі тұлғалармен өзара тиімді әрекеттесуіне жәрдемдесу болып табылады.

Олардың негізінде Компанияның қызметі қалыптасатын негіз салушы корпоративтік құндылықтар болып адалдық, парасаттылық, адамдарға құрмет көрсету, өзара жәрдемдесу және сенім табылады.

Іскерлік этика кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Кодекс ережелерін ұдайы қадағалау және білімін тексеру практикасы енгізіледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің Іскерлік этика кодексі ережелерін бұзуы туралы хабарлар:
- шабарман, пошталық экспедиция арқылы;
- temirzhol@railways.kz электронды почтасы арқылы;
- рұқсаттамар бюросының жанындағы «Б» блогының фойесінде орнатылған почта жәшіктері арқылы;
- сенім телефоны арқылы қабылданады.

Компаниядағы ауыр бұзушылықтар туралы хабарларға арналған «Шұғыл желі» «Самұрық-Қазына» АҚ қолдауымен тәуелсіз халықаралық «Deloitte» консультациялық компаниясы басқарады, бұл осы құралды тәуелсіз әрі әлдеқайда тиімді етеді. Осы «Шұғыл желі» аясында келесі электронды мекен-жай: sk.hotline@deloitte.kz және www.sk.deloitte-hotline.com интернет порталы қолжетімді. G4-56



«ҚТЖ» ҰК» АҚ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған белсенді іс-шараларды жүзеге асыруда. Мәселен, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2015–2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітті және дәйекті жүзеге асыруда. Аталмыш жоспарды орындау аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2016 жылы жүк және жолаушыларды тасымалдау қызметтерінің сапасын, отын-энергетикалық ресурстардың жұмсалуын бақылаумен байланысты процестерді автоматтандыру бойынша жұмыстар атқарылды. G4-СПМ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы фактісі жөнінде хабарлаған немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ сыбайлас жемқорлықпен күреске қандай да бір өзге жолмен қолдау көрсететін тұлғаларды қорғау саясаты әрекет етеді. G4-SO4

2016 жылы Компанияда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы фактілері анықталған жоқ. G4-SO5

Сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық тәуекелдерін бағалау мәселелері бойынша арнайы оқытуды және сондай қатерлерді тікелей бағалауды Компания 2016 жылы жүргізген жоқ. Бұл ретте Ішкі аудит қызметі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес аудиторлық тапсырмалар аясында кезеңді түрде сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық тәуекелдерін бағалауды жүргізеді. G4-SO3

Компания үшін одан да көлемді және қауіпті алаяқтық тәуекелдері «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да және оның еншілес ұйымдарында алаяқтықты айқындау және алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдарды пайдалана отырып сәйкестендіріледі. G4-SO4

Аталмыш шаралар жиынтығы Компаниядағы сыбайлас жемқорлық және алаяқтықтың ықтимал тәуекелдерін елеулі түрде азайтуға мүмкіндік береді.

Корпоративтік дауларды шешу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі корпоративтік омбудсменді тағайындады.

Корпоративтік омбудсменнің байланыс телефоны:
+7 (7172) 60-40-31
Жүсіпов Бейбіт Ғазизұлы



# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІК



Компанияның 2016 жылғы 31 желтоқсандағы

**Активтерінің құны**

# 3 035

**млрд. теңгені құрады**

Компанияның 2016 жылғы

**Жалпы табысы**

# 85,6

**млрд. теңгені құрады**

Компанияның 2016 жылғы

**Таза пайдасы**

# 41

**млрд. теңгені құрады**



# Экономикалық тиімділік

## Басты экономикалық көрсеткіштер G4-СПМ

*5-диаграмма. EBITDA, млн. теңге*




*6-диаграмма. Кірістер (барлығы), млрд. теңге*




*7-диаграмма. Өткізудің өзіндік құны, млн. теңге*




*8-диаграмма. Операциялық пайда, млн. теңге*




*9-диаграмма. Бір жылдағы таза пайда, млрд. теңге*




*10-диаграмма. Жыл соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары, мың теңге*




*11-диаграмма. EBITDA margin, %*




2014 2015 2016 2015–2016 жж. өзгеріс

## Құрылған және таратылған экономикалық құн

*4-кесте. Құрылған және таратылған тікелей экономикалық құн, млн. теңге G4-EC1*

| Бап | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2015–2016 жж. өзгеріс, % |
|---|---|---|---|---|
| **Түскен ақшаның жиынтығы, млн. теңге** | **882 423,73** | **753 757,97** | **825 311,61** | **9,49** |
| Жүк тасымалдары, млн. теңге | 743 243,13 | 629 049,74 | 688 204,34 | 8,60 |
| Жолаушы тасымалдары, млн. теңге | 77 386,36 | 71 787,39 | 80 133,55 | 10,42 |
| Субсидиялар, млн. теңге | 24 637,81 | 21 721,71 | 22 528,83 | 3,58 |
| Өзгесі, млн. теңге | 37 156,43 | 31 199,13 | 34 444,88 | 10,40 |
| Операциялық шығындар, млн. теңге | 877 954,0 | 1 251 574,39 | 1 042 188,23 | –16,73 |
| Жалақы және өзге төлемдер, млн. теңге | 264 158,86 | 248 841,13 | 261 024,51 | 4,90 |
| Салықтар, млн. теңге | 22 034,41 | 23 923,21 | 25 809,77 | 7,89 |
| Түзетілген EBITDA, млн. теңге | 265 494,92 | 163 331,45 | 207 428,94 | 27,00 |
| Таза пайда, млн. теңге | 30 397,46 | –460 875,53 | 40 979,58 | – |

*5-кесте. Ағымдағы қызметке арналған шығыстар, млн. теңге*

| Шығыс баптары | 2015 ж. | 2016 ж. | 2015–2016 жж. өзгеріс, % |
|---|---|---|---|
| Еңбекақы төлеу, млн. теңге | 224 144,96 | 235 152,35 | 4,68 |
| Әлеуметтік аударымдар, млн. теңге | 24 696,17 | 25 872,16 | 4,55 |
| Материалдар, млн. теңге | 40 653,22 | 46 935,76 | 13,39 |
| Отын, млн. теңге | 66 254,67 | 72 385,36 | 8,47 |
| Электр энергиясы, млн. теңге | 40 916,99 | 40 227,15 | –1,71 |
| Қызметтер, млн. теңге | 117 257,42 | 129 988,10 | 9,79 |
| Құралдардың тозуы, млн. теңге | 105 084,98 | 113 850,37 | 7,70 |
| Өзге шығыстар, млн. теңге | 55 973,07 | 49 443,95 | –13,21 |
| Салықтар, млн. теңге | 23 923,21 | 25 809,77 | 7,31 |
| **Шығыстардың жиынтығы, млн. теңге** | **698 904,69** | **739 664,96** | **–5,51** |

# Жергілікті жеткізушілердің үлесі

*6-кесте. Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті құрамның үлесі, %* G4-СПМ, G4-EC9

| Көрсеткіш | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2015–2016 жж. өзгеріс, % |
|---|---|---|---|---|
| Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті құрамның үлесі, % | 71,00 | 72,00 | 75,00 | 4,23 |

# Тікелей емес экономикалық әсерлер

«ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік бағыттағы әртүрлі шараларды қаржыландыруға белсенді түрде қатысады. Осындай шаралардың көпшілігі жергілікті қауымдастықтарға және тұтастай орналасқан өңірлеріне тікелей немесе тікелей емес оң экономикалық әсер көрсетеді. G4-СПМ, G4-EC7

*7-кесте. Орналасқан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жалпы сомалар, мың теңге*

| Көрсеткіш | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2015–2016 жж. өзгеріс, % |
|---|---|---|---|---|
| Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шығыстар, мың теңге | 3 758 595,00 | 521 180,00 | 1 796,00 | |
| Салауатты өмір салтына және спортты дамытуға арналған шығыстар, мың теңге | 182 800,00 | 61 370,00 | 61 370,00 | 0,00 |
| Кәсіби оқытуға және біліктілікті арттыруға арналған шығыстар, мың теңге | 455 558,00 | 253 380,00 | 212 611,00 | –19,18 |
| Денсаулық сақтауға арналған шығыстар, мың теңге | 1 114 190,00 | 1 012 169,00 | 941 624,00 | –7,49 |
| Мерекелік және мәдени-бұқаралық шараларды жүргізуге арналған шығыстар, мың теңге | 1 581 485,00 | 751 107,00 | 810 630,00 | 7,34 |
| **Шығыстардың жиынтығы, мың теңге** | **7 092 628,00** | **2 599 206,00** | **2 028 031,00** | **–28,16** |

2016 жылы Компанияда орналасқан өңірлерінің дамуына мүммкіндік туғызған көптеген оқиғалар орын алды. G4-EC8

## 11.12.2015

Мемлекет басшысының қатысуымен болған «Қазақстанның жаңа индустрияландырылуы. 2015 жылдың қорытындылары» жалпыұлттық телекөпірі барысында Астана қаласындағы дизельді қозғалтқыштарды шығару жөніндегі зауыт іске қосылды. Қазақстандағы қозғалтқыш жасау саласындағы алғашқы кәсіпорын мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму және теміржолдық машина жасау бағдарламасын іске асыру аясында құрылды. Зауытта «Evolution» сериялы локомотивтер үшін 12 цилиндрлі дизельдік қозғалтқыштарды құрастыру, күрделі жөндеу, сервистік қызмет көрсету жүргізілетін болады. Сол арқылы отандық локомотивтердің өндірісін жергіліктендіру деңгейі 32%-деан 53%-ға дейін ұлғайтылатын болады.



## 18.01.2016

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес компаниясы – «Вокзал-сервис» АҚ сенімгерлік басқаруына Лисаков қаласындағы теміржол вокзалының жаңа ғимараты салынып, сенімгерлік басқаруға берілді. Лисаков тұрғындары Компания басшылығына станцияда теміржол вокзалын салу өтінішімен жүгінген болатын. Компанияда осы объектіні жобалауға және салуға қаражаттар бөлу мүмкіндігі қарастырылды. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2015 жылдың маусымында аяқталды. Жалпы ауданы 108,4 шаршы метрді құрайтын ғимаратта күту залы, кассалар, ана мен бала бөлмесі орналасқан, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған пандустар бар. 1-ші үлгідегі теміржол вокзалы тәулігіне 50 адамға қызмет көрсете алады.




## 15.03.2016



2016 жылғы 15 наурызда Жезқазған станциясында Жезқазған – Сексеуіл – Қызылорда қатынасындағы жолаушылар пойызын іске қосудың салтанатты рәсімі болып өтті. Жезқазған қаласының әкімі Батырлан Ахметовтің айтуынша, 40-тан астам елді мекенді қамтитын бұл бағдар «Нұрлы жол» бағдарламасының аясындағы әлеуметтік маңызы бар жоба болып табылады.

## 05.05.2016



Достық шекара маңы станциясында теміржолшыларға арналған жаңа үйлер пайдалануға берілді. Жалпы ауданы 13 мың шаршы метрден асатын 10 екі қабатты үйлер салынды. Жайлы үйлер заманауи жобалар бойынша салынды. Барлық 136 пәтер – үш бөлмелі, әрқайсысының ауданы 95 шаршы метрден асады, бөлмелердің орналасуы ыңғайлы. Жаңа баспананы станцияның, жол, сигнализация және байланыс, электрмен жабдықтау дистанцияларының, пайдалану вагон деposасының және Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері алуда. Достық станциясы тұрғындарының саны он мыңнан асатын, оның негізгі бөлігі – теміржолшылар болып табылатын негізгі трансшекаралық Қазақстаннан Қытайға теміржол өткелі болып табылады.

## 05.07.2016

2016 жылғы 5 шілдеде шалғайдағы Шалқар және Тассай станцияларының тұрғындары 2-ші Алматы станциясынан 3 шілде күні жіберілген № 377/378 «Алматы – Маңғышлақ» жаңа жолаушылар пойызын салтанатты түрде қарсы алды. «Алматы – Маңғышлақ» пойызы Шалқар – Бейнеу жаңа теміржол учаскесі арқылы қатынай бастады. Жаңа бағдар қазіргі таңдағы елдегі ең алыс теміржол қатынасының арақашықтығын 14%-ға немесе 471 шақырымға қысқартуға мүмкіндік берді. Жаңа бағдар Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының бұрын теміржол қатынасы болмаған 20 астам елді мекенін қамтиды. Жолаушылардың жол жүру уақыты 9 сағатқа қысқарды. Бағдар арақашықтығының қысқаруына байланысты жол жүру құны купе вагондарында 11,46%-ға, плацкарт вагондарында 11,32%-ға азайды.



## 22.11.2016



2016 жылғы 22 қарашада «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да «Көп функционалды қызмет көрсету орталығы» (КФҚО) салтанатты түрде ашылды. КФҚО негізгі мақсаты – бухгалтерлік, салықтық және кадрлық есепке алу бизнес-үдерістерін біріктіру арқылы операциялық тиімділікті арттыру, ескішіл операцияларды жүргізуге жұмсалатын шығындарды оңтайландыру, шешімдер қабылдауда бухгалтер мен HR-менеджердің рөлін жоғарылату, сол арқылы іскерлік белсенділіктің жоғарғы деңгейін қолдау және бизнестің әрі қарайғы дамуына көмектесу. Жүргізілген талдау жұмысының нәтижесінде, сондай-ақ КФҚО тұжырымдамасын енгізудің бастапқы кезеңіндегі белгілі бір критерийлердің негізінде 12 өңірлік орталық құрылатын болады.

## 06.12.2016

2016 жылғы 6 желтоқсанда Индустрияландыру күні барысында Мемлекет басшысы жалпыұлттық телекөпір режимінде Құрық портының бірінші іске қосу кешенінің объектілері пайдалануға енгізілді. Құрық портының паромдық кешені Транскаспий халықаралық дәлізінің көлік-логистикалық жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Телекөпір барысында Алматы – Шу жаңа теміржол желісі арқылы «Тұлпар – Тальго» алғашқы жолаушылар құрамымен пойыздар қозғалысы іске қосылды және вагондарды паромға тиеу басталды.



## 15.12.2016



2016 жылғы 15 желтоқсанда, Тәуелсіздік күні қарсаңында, Астана – Қарағанды және Астана – Көкшетау қатынасындағы өте жайлы екі жаңа электр пойыз салтанатты түрде іске қосылды. Электричкалар қала маңындық қатынастың әлемдік стандарттарына сәйкес келеді және Кедендік одақтың Техникалық регламентіне сәйкестік сертификаттарына ие. Жаңа вагондар жұмсақ креслолармен, пассивті қауіпсіздіктің креш-жүйесімен, жолаушыларға жалпы ақпаратты, сондай-ақ ойын-сауық материалын – фильмдер мен видеоойындарды қарау мүмкіндігін беретін Wi-Fi негізіндегі ақпараттық ойын-сауық порталымен жабдықталған. Құрамдар сондай-ақ салондар мен тамбурлар деректерді тіркейтін бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, «Жүгіртпе жол» ақпараттық таблолар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сапардың параметрлері туралы ақпарат береді.

# Талаптарға сәйкес келу

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қолданыстағы заңнаманы және қабылданған міндеттемелерді сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолданады. Компания 2016 жылы, 11,9 млн. теңге мөлшерінде экологияны бұзғаны үшін айыппұлдық санкциялар сомасын қоспағанда, заңнаманы және нормативтік талаптарды бұзу жағдайларын анықтамады. G4-SO8

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2016 жылы тұтынушының жеке өмірін бұзуға және тұтынушылар жөніндегі деректерді жоғалтуға қатысты қандай да бір арыз-шағым алған жоқ. G4-PR8



**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасындағы саны бойынша ең ірі жұмыс беруші болып табылады. Компания қызметкерлерінің саны бүкіл ел халқының 1%-на жақын. Бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ елдегі географиялық тұрғыда ең кең орын алып жатқан жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Бұл жағдай Компанияға үлкен әлеуметтік міндеттемелер жүктейді, оларды Компания үлкен абыроймен орындап отыр.**

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



# Әлеуметтік жауапкершілік

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасындағы саны бойынша ең ірі жұмыс беруші болып табылады. Компания қызметкерлерінің саны бүкіл ел халқының 1%-на жақын. Бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ елдегі географиялық тұрғыда ең кең орын алып жатқан жұмыс берушілердің бірі болып табылады. Бұл жағдай Компанияға үлкен әлеуметтік міндеттемелер жүктейді, оларды Компания үлкен абыроймен орындап отыр. G4-СПМ







## Қызметкерлер

Темір жолдардағы көптеген жұмыстарды физикалық тұрғыда жеңіл деп айтуға болмайтындықтан, Компания қызметкерлерінің көпшілігі ер адамдар. G4-LA1

*12-диаграмма. Қызметкерлер бойынша негізгі көрсеткіштер*




*13-диаграмма. Гендерлік белгі бойынша қызметкерлердің құрылымы, %*







*14-диаграмма. Жас санаты бойынша қызметкерлердің құрылымы, %*



*15-диаграмма. ҚР өңірлерінің бөлінісіндегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің тізім бойынша саны*




«ҚТЖ» ҰК» АҚ елдегі ең күшті және белсенді кәсіподақтардың біріне ие. Компания қызметкерлерінің үлкен бөлігі ұжымдық шартпен қамтылған. G4-11

*8-кесте. 2016 жылы ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлердің үлесі*

| Көрсеткіш | Мәні |
|---|---|
| Жыл соңындағы қызметкерлердің тізімдік саны, адам | 133 393,00 |
| Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлердің жалпы саны, адам | 132 541,00 |
| Ұжымдық шартпен қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі, % | 99,36 |

Компанияның ұжымдық шарты 2015–2017 жылдарға жасалған және Компания өзіне ерікті түрде алған келесілер:

- әлеуметтік-еңбек қатынастары аясындағы нормаларды сақтау;
- Компаниядағы қызметкерлерге, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, мүгедектерге, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалардан және Компаниядағы кәсіби сырқаттардан зардап шеккендерге материалдық қолдау және әлеуметтік кепілдіктер беру;
- Компания қызметкерлерінің балаларына жазғы демалыс пен сауықтыруды қосқанда, жастарға, қызметкерлердің отбасыларына бірқатар әлеуметтік кепілдіктер беру;
- денсаулық сақтау мәселелерін реттеу;
- қызметкерлердің жан-жақты кәсіби дамуына және оқуына жәрдемдесу бойынша міндеттемелерді қарастырады.

Компанияның Ұжымдық шарттың ережелеріне сәйкес әлеуметтік пакеті «Қазақстандық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ тарапынан Компаниялар тобы бойынша ең үздік деп танылды.

Компания қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кәсіподақтық ұйымдарды құрып, алдын ала рұқсат алу қажеттілігінсіз өз таңдауы бойынша оларға қосыла алады. G4-HR4

Есеп берілетін жылы Компанияда қауымдастық еркіндігін пайдалануға және ұжымдық келіссөздерді жүргізуге берілетін құқық бұзылып немесе айтарлықтай тәуекелге шалдығатындай бөлімшелер немесе еншілес ұйымдар анықталмады. G4-HR4

Қызметкерлер санының көп екендігіне және жұмысының жауапты екендігіне қарамастан, Компаниядағы тұрақтамау деңгейі өте төмен. G4-LA1

*16-диаграмма. Жынысы бойынша бөлгенде кадрлардың тұрақтамауы*

Кадрлардың тұрақтамауы, адам (әйелдер)

Кадрлардың тұрақтамауы, адам (ерлер)




*17-диаграмма. Резервтерді, аударымдар мен салықтарды қоса алғанда қызметкерлерге жұмсалатын шығындар, млн. теңге*




*18-диаграмма. Қызметкерлердің орташа жалақысы, теңге*

Әкімшілік қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, теңге

Әкімшілік қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, теңге




2015 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың қайырымдылық көмек көрсету бойынша бірыңғай саясатын «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры іске асыратындығына қарамастан, Компания ірі демеуші болып қала береде. G4-EC8

*9-кесте. Демеушілік және қайырымдылық көмек*

| Атауы | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. |
|---|---|---|---|
| Демеушілік және қайырымдылық көмек, мың теңге | 3 758 595,00 | 521 180,00 | 1 796,00 |

Компанияның және оның Жалғыз акционерінің демеушілік және қайырымдылық қызметі рухани және ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға, мәдениетті, ғылымды және білімді қолдауға, ғылыми-техникалық прогресске атсалысуға, салауатты өмір салтын насихаттауға, халықтың қорғалмаған жіктеріне, тұрмысы төмен азаматтарға көмек көрсетуге және спортты қолдауға бағытталған.

# Зейнеткерлерге қамқорлық

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да есепте 30 мыңнан астам жұмыс істемейтін зейнеткерлер бар. Еншілес ұйымдарды ескергенде бұл сан 40 мың адамнан асады.

Компанияда «ҚТЖ» ҰК» АҚ Теміржолшы ардагерлердің Орталық кеңесі құрылған, саны шамамен 48 мың адамды құрайды, сондай-ақ, Теміржолшы ардагерлердің өңірлік кеңестері жұмыс істейді.

Теміржолшы ардагерлер кеңестерінің басты жұмыс бағыттары келесіге негізделеді:

- науқас және жалғыз басты зейнеткерлер үйінде және ауруханада болғанда көңілін білу;
- зейнеткерлерді заманауи қарым-қатынас және коммуникация құралдарымен таныстыру және үйрету;
- ұрпақтар сабақтастығын дамыту мәселелері бойынша шығармашылық конференциялар өткізу;
- «Өлілер мен тірілер есімізде» кітабына зейнеткерлердің естеліктерін және өмірбаяндарын жинауды ұйымдастыру;
- 70, 80, 90 және 100 жылдық атаулы күндерімен мерейтой иелерін құттықтау;
- Компанияның зейнеткерлеріне консультациялық, түсіндірмелік және практикалық көмек;
- жерлеуді ұйымдастыруда көмек көрсету. Жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдауға арналған маңызды құжат «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еңбек ұжымы арасындағы 2015–2017 жылдарға арналған Ұжымдық шарт болып табылады.






«ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмыс істемейтін зейнеткерлерінің әлеуметтік пакетінің негізгі құраушылары мыналар:

- жыл сайынғы тегін жолақы;
- санаторлық-курорттық сауықтыру;
- теміржол көлігі ұйымынан жасы бойынша зейнетке шыққан, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге біржолғы жәрдемақы;
- тісті протездеу ақысын төлеу;
- жерлеуге материалдық көмек;
- 70, 80, 90 және 100 жылдық мерейтой иелеріне біржолғы материалдық көмек;
- әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді қарастыру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша материалдық көмек;
- Көлік қызметкерлері күні, Жеңіс күні мерекелеріне материалдық көмек болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ кеңесу органы – саланың ең тәжірибелі ардагерлерінен тұратын ең алдымен Компанияда жұмыс атқаратын жастар үшін еліктеуге лайықты үлгі болып табылатын теміржол дәстүрлерінің сақтаушысы – Консультативті кеңеске ие жалғыз ұлттық компания және тұтас алғанда сала. G4-EC3

# Келешек ұрпаққа қамқорлық

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Компанияны, саланы және Қазақстан Республикасын дамытуға енгізетін үлесі елеулі болуы мүмкін келешек ұрпаққа қамқорлық етуді маңызды деп санайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өскелең ұрпақ арасында теміржол саласының қызметкері имиджін жоғарылатуға бағытталған, балаларға арналған шараларды жыл сайын ұйымдастырады (шаралар 17 жасқа дейінгі 170 000 астам балаға арнап ұйымдастырылады).

Осындай шаралардың бірі болып Балаларды қорғау күнінде мейрамды тойлау аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде Ашық есік күндерін өткізу, тақырыптық мерекелік қойылым көрсету табылады.

Сондай-ақ қызметкерлер балаларының қатысуымен әртүрлі байқаулар «Балауса болашақ» балалар суреті байқауы, «Алтын қалам» өлеңдер мен әңгімелер байқауы, «Қазақстан темір жолының балалар күлкісі» жаңа жыл алдындағы байқауы өткізіледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ сондай-ақ сыйлықтар ұсынумен жаңажылдық шараларды жыл сайын ұйымдастырады.



Мектеп демалыстары кезінде балаларды дамытуға және сауықтыруға көп көңіл бөле отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жыл сайын 7–14 жастағы шамамен 10 000 баланы Қазақстан Республикасының балаларды сауықтыру орталықтарына жолдамалармен қамтамасыз етеді, оған қоса балалар өмірін жазатайым оқиғалардан сақтандыруды да жүзеге асырады.

# Жас қызметкерлерге қамқорлық

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да 35 жасқа дейінгі 48 мыңнан астам жас қызметкер жұмыс істейді.

Компанияда жастармен жұмыс істеу негізі болып 2016–2021 жылдарға көзделген, кәсіби машықтарын жетілдіруге, корпоративтік рухты күшейтуге, жастарды тарту жүйесін дамытуға, олардың тиімді түрде бейімделуіне және Компанияда тұрақтануына, жастарды корпоративтік мәселелерді шешуге жұмылдыруға, халықаралық жастар ынтымақтастығын дамытуға, рухани-өнегелілік, патриоттық тәрбиелеуге, сондай-ақ жастар арасында салауатты өмір салтының құндылықтарын және спортты ілгерілетуге бағытталған бағдарламалар кешенінен тұратын Жастар саясатының бағдарламасы табылады. G4-LA10

Бағдарламаның мақсаты Компанияны талап етілетін кәсіби машықтарға және корпоративтік құзыретке ие, Компанияның корпоративтік құндылықтарын бөлісетін және корпоративтік міндеттерді шешуге жұмылдырылған жас қызметкерлердің қажетті санымен қамтамасыз ету есебінен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамын стратегиялық дамытуға атсалысу болып табылады.



Өзекті проблемаларды шешу және жастар саясатына қатысушылардың қызметін үйлестіру үшін Компанияда консультативтік орган – Компания Президенті жанындағы Жастар істері жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестік міндеттері жас қызметкерлерге қатысты кешенді саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басымдылықтарды анықтау, жастар саясатын жүзеге асырудың тиімділігін талдау және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ Компанияның жас қызметкерлеріне қатысты басқалай маңызды мәселелерді талқылау болып табылады. Қазіргі уақытта елдің барлық өңірлерінде, сондай-ақ Компанияның еншілес ұйымдарында Кеңестің өңірлік өкілдері белсенді жұмыс істейді.

Жастар саясаты мәселелері бойынша «Нұр Отан» халық-демократиялық партиясының «ҚТЖ» ҰК» АҚ бастапқы партиялық ұйымының консультативтік-кеңесші органы болып табылатын «Жас Отан» жастар қанатының кеңесі құрылды.

Жастар саясатының аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ келесі бағдарламаларды жүзеге асыруда:

- «Жоба менеджменті»;
- «Болашақ басқарушылар»;
- «Сен болмасаң, кім?» корпоративтік лагері;
- КВН қозғалысы.

Әрбір жастар жобасы жаңа қасиетке ие бола отырып және жастарға жаңа мүмкіндіктерді аша отырып дамиды.





Жастар саясатының бағдарламасын сәтті іске асыру жас қызметкерлерге Компания стратегияларының әр түрлі бағыттарын іске асыруға белсенді түрде тартылу мүмкіндігін береді. 2010 және 2016 жылдар аралығында жастар жобаларының қорытындылары бойынша 709 жас қызметкерге қатысты кадрлық ротация жүзеге асырылды.

Компания жастарын zhastemir.kz әлеуметтік желісі біріктіреді, онда жас қызметкерлер «ГалстукOFF», «ҚТЖ STAR» бағдарламаларына белсенді түрде қатысады.

## Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қамқорлық



Компания мүмкіндіктері шектеулі адамдарға дәстүрлі түрде үлкен қамқорлық көрсетеді. G4-СПМ, G4-SO1

2016 жылы «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ-да мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қызмет көрсету тәртібі бекітілді. Жаңа қағида бүкіл ел бойынша жұмыс істейді. Жаңа қағида бойынша, вокзал қызметкерлерінің міндетіне мобильділігі төмен жолаушылармен ілесіп жүру, багажды жеткізуге және вагонға отыруға көмек көрсету кіреді. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар вокзал кезекшілері күтіп алуы үшін өзінің келетіндігі туралы алдын ала хабарлауы тиіс.

Қазіргі уақытта 138 теміржол вокзалында пандустар салынып, талап етілетін көлбеу бұрышына сәйкестікке келтірілген. 58 вокзал үшін мүгедек арбалары сатып алынды. 16 вокзалдың анықтама бюросы мүкіс естітіндерге арналған ақпараттық жүйелермен жабдықталған. Вокзалдардың ғимаратында

арнайы дәретхана бөлмелері қайта жабдықталатын, ал вокзал маңындағы алаңдарда мүмкіндіктері шектеулі адамдардың автокөлігін тұрақтату үшін орындар бөлінетін болады. G4-SO1

Қазіргі таңда мүмкіндіктері шектеулі 600-ден астам адам құрылымдық бөлімшелер мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған. G4-HR3

# Оқыту

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерді оқытуға және дамытуға үлкен ресурстарды дәстүрлі түрде салады. G4-СПМ, G4-LA9

«Магистраль» салалық бағдарламасы бойынша оқытуға жиырма грант және он атаулы шәкіртақыны 2016 жылы көлік саласының болашақ мамандары алды.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ президентінің ерекше гранттары мен атаулы шәкіртақыларын жыл сайын бөледі, оларды салада қажет мамандықтар бойынша оқып жатқан колледждер мен жоғары оқу орындарының үздік студенттері алады.

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ 18 қызметкері «Көлік жасау», «Автоматтандыру және басқару», «Көліктегі логистика», MBA, DBA мамандықтары бойынша магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқу гранттарын ұтып алды. G4-LA9

*10-кесте. 2016 жылы қызметкерлерді оқытуға арналған шығыстар*

| Қызметкерлер санатының атауы | Адам саны | Оқытуға арналған шығыстар, мың теңге | Орташа есеппен 1 қызметкерді оқытуға арналған шығыстар, мың теңге |
|---|---|---|---|
| Әкімшілік-басқару қызметкерлері | 5 143,00 | 308 989,00 | 60,08 |
| Өндірістік қызметкерлер | 20 633,00 | 844 536,00 | 40,93 |
| **Барлығы** | **25 776,00** | **1 153 524,00** | **44,75** |

*11-кесте. Бір қызметкерді оқытуға арналған сағаттардың орташа жылдық саны, адам-сағат* G4-LA9

| Қызметкерлердің санаты | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2015–2016 жж. өзгеріс, % |
|---|---|---|---|---|
| **Барлығы, соның ішінде:** | **124,00** | **100,00** | **98,00** | **–2,00** |
| жоғарғы басшылық | 20,00 | 16,00 | 16,00 | 0,00 |
| ортаңғы басшылық | 24,00 | 20,00 | 20,00 | 0,00 |
| әкімшілік қызметкерлер | 32,00 | 24,00 | 22,00 | –8,33 |
| өндірістік қызметкерлер | 48,00 | 40,00 | 40,00 | 0,00 |

БҰҰ Ғаламдық шарт қағидаттары және тұрақты даму саласындағы 17 мақсат аясында Компания қызметкерлерге адам құқықтарына қатысты саясат пен рәсімдерді қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлеріне оқыту мүмкіндігін қарастыруды жоспарлап отыр. 2016 жылы мұндай оқу болмады. G4-HR7

# Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету

Қызметкерлердің денсаулығы және азаматтардың мұқтаж санаттарын медициналық қамтамасыз ету «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүргізетін әлеуметтік саясаттың маңызды басымдылықтарының бірі болып табылады. G4-EC7

2010 жылдан бері Компания Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органымен бірлесіп медициналық пойыздардың қатынасуы бойынша жобаны жүзеге асырды. Әлеуметтік жоба мәні бойынша өте ерекше, өйткені шалғайдағы елді мекендерде тұрып жатқан теміржол көлігі қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне, қала және ауыл тұрғындарына мобильді көп профильді мамандандырылған консультативтік-диагностикалық көмектің мүлде жаңа түрі алғаш рет ұсынылды.

Жоба 2011 жылы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында аталып, «Денсаулық» пойызы «Ең үздік әлеу-

меттік жыл жобасы» номинациясында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша «Парыз» республикалық байқауы жеңімпаздарының бірі және 2010 жылы «Қазақстандағы № 1 жыл таңдауы» халықаралық фестивалінде Қазақстандағы үздік әлеуметтік жауапты жоба болды. G4-EC7

Компания қызметкерлері сырқаттануының алдын алуды және қалпына келтіріп емдеуді мақсатты түрде және тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Компанияның әлеуметтік саясатының маңызды бөлігі санаторлық-курорттық көмекті ұйымдастыру болып табылады.

Теміржолшылардың жұмысы елеулі физикалық, психоэмоциялық жүктемелер, жұмыстың жүріп-тұру сипаты, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы далада болуы секілді қолайсыз факторлармен сипатталады.

Жоғарыда келтірілгеннің барлығы, тыныс алу, жүрек-қантамыр, ас қорыту жүйелері, тірек-қозғалу аппараты ауруларының, кәсіби интоксикацияның дамуы үшін басты фактор болып табылады.

Жыл сайын Компания жеңілдікті негізде Қазақстанның барлық өңірлерінде тұратын 12 мыңнан астам қызметкерлер мен сала ардагерлеріне санаторлық-шипажайлық сауықтыруды жүргізеді. G4-EC7

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қарамағында Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторийі бар.

Қызметкерлер мен зейнеткерлердің денсаулығы нашарлау және науқастану тәуекелдерін азайту мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ салауатты өмір салты мәдениетін белсенді түрде қалыптастырып, дене шынықтыру мен спортқа айтарлықтай көңіл бөледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыс ең алдымен келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- сала қызметкерлерінің денсаулығын нығайту және науқастануын азайту;
- әртүрлі сырқаттардың алдын алу;
- теміржолшылардың жоғары жұмысқа қабілеттілігін қолдау;
- еңбек ұжымдарының ауызбіршілігін және ішкі корпоративтік бәсекелестік рухты жоғарылату;
- теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелері арасында салауатты өмір салтын насихаттау.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын ұйымдастыруды 41 спорт нұсқаушылары жүзеге асырады. Олардың қызмет ету аясына 397 теміржол көлігі ұйымынан саланың 90 мыңнан астам қызметкері кіреді.

Салауатты өмір салты бағдарламасын іске асыру аясында жыл сайын теміржол көлігі кәсіпорындарында спорт нұсқаушыларымен шамамен 180 дене шынықтыру – бұқаралық шаралары ұйымдастырылады, оған 20 000-ға дерлік теміржолшы қатысады. Жыл сайын жазғы және қысқы республикалық спартакиадалар, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметкерлері арасында жеке спорт түрлері бойынша чемпионаттар өткізіледі. G4-EC7

2010 жылдан бастап Компания құрамына 26 мемлекет кіретін Халықаралық теміржолшы спортшылар одағының (USIC) мүшесі болып табылады. Осы уақыт ішінде Компания жеке спорт түрлері бойынша бірнеше рет USIC чемпионаттарының жүлдегері болды.





Сәкен Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторийді Щучье – Бурабай демалыс аймағында орналасқан үздік сауықтыру мекемелерінің қатарына жатқызуға болады.

Теміржолшыларға мұнда толыққанды демалу үшін қажеттінің барлығымен жабдықталған екі орындық стандартты, жартылай люкс және люкс нөмірлер ұсынылады. Бос уақытты өткізу үшін бильярд, үстел теннисі, сауна, спорт залы бар, күнделікті мәдени-бұқаралық шаралар: Бурабай курорттық жағалауы бойынша экскурсия, концерттік бағдарламалар, спорттық шаралар өткізіледі.

Сәкен Сейфуллин атындағы санаторийдің профилі – бұл жүрек-қантамыр жүйесінің және тірек-қозғалу аппаратының, сондай-ақ тыныс алу мүшелерінің (туберкулезді қоспағанда) аурулары.

Шипажайдың тәжірибелі және білікті медициналық қызметкерлері келесі емдеу түрлерін жүргізеді:

- балшықпен емдеу (балшықты аппликациялар және гальванды балшық, жергілікті емдік көлдің балшығы);
- ванналар (қылқанды, тұзды, Залманов ваннасы және т.б.);
- емдік сауналар;
- емдік душтар;
- барокамера;
- гидроколонотерапия;
- стоматологиялық кабинет;
- инфрақызыл магнитолазермен емдеу кабинеті;
- аппараттық физиотерапевттік емдеу (ДМВ, СМТ) Дарсанваль, электрофорез, магнитпен емдеу, УТЗ, УВЧ, электр ұйқы, ИКВ;
- массаж бөлімшесі;
- емдік дене шынықтыру бөлімшесі;
- фитоемдеу;
- ультрадыбысты диагностика;
- гинекологиялық кабинет;
- галокамера – тұзды шахта бөлмесі.

Қызметкерлердің белсенді өмір салтын жүргізу ниетіне мына дерек дәлел болады: жыл ішінде тек ҚТЖ орталық әкімшілік ғимаратының спорт залына 15 000-нан астам, жүзу бассейніне шамамен 12 000 келуші келгені анықталды. G4-EC7

## Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау




«ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне үлкен көңіл бөледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджментінің жүйесі бойынша басшылықты бекітті, ол OHSAS 18001:2007 «Кәсіби денсаулық және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі. Талаптар» халықаралық стандартының, МЕМСТ 12.0.230 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар ILO OSH2001» мемлекетаралық стандартының, ҚР СТ OHSAS 18001–2008 «Кәсіби денсаулық және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйелері. Талаптар» талаптарына сәйкес әзірленді және «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобында еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды басқару қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады. G4-СПМ, G4-LA6

OHSAS 18001:2007 стандартының қағидаттарын қадағалау Компанияға халықаралық сертификаттаушы орган – «SGS» компаниясынан сәйкестік сертификатын алуға мүмкіндік берді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатына сәйкес, сондай-ақ ұжымдық шартты орындау аясында Компанияда 2016 жылы еңбек жағдайын жақсарту, өндірістік жарақаттанушылықтың және кәсіби аурулардың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілді.

Қаржыландырудың барлық көздері бойынша еңбек жағдайын жақсарту және еңбекті қорғау бойынша шараларды орындауға (еншілес ұйымдарды ескере отырып) 5,2 млрд. теңге жұмсалды, соның ішінде:

- 1,4 млрд. теңге – арнайы киімге, арнайы аяқ-киімге және жеке қорғаныстың басқа құралдарына шығындарды ескере отырып;
- 1,6 млрд. теңге – негізгі қызмет түрлері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жалпы шығындарынан барлық қаржыландыру көздері бойынша еңбек жағдайын жақсарту және қорғау жөніндегі іс-шараларға, соның ішінде медициналық тексерулерге.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша бір қызметкерге қайта есептегенде еңбек шарттарын жақсарту және қорғау жөніндегі іс-шараларға шығыстар орташа есеппен 16,9 мың теңгені құрады (2015 жылы – 18,4 мың теңге).

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да жүргізілетін алдын алу жұмысы 2016 жылы жалпы және өлімге апаратын өндірістік жарақаттанушылықты азайту үдерісін сақтауға мүмкіндік берді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да қызметкерлерге жұмыс орындарында еңбек етудің қауіпсіз жағдайын құру үшін жалпы алғанда Компания бойынша еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған 3 637 іс-шара жүзеге асырылды.

Салалық беру нормаларының талаптарына сәйкес Компанияның қызметкерлері арнайы киіммен және аяқ-киіммен, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2015–2016 жылдары жеңілдетілген және жылытылған арнайы аяқ-киім, термо іш киім, сигналшыларға арналған бас киімдер, дерматологиялық қорғаныс құралдары секілді жеке қорғаныс құралдарының жаңа түрлерінің пайдаланушылық сынақтары ұйымдастырылды және өткізілді.

2016 жылдың соңындағы жағдай бойынша Компанияда 25 976 жұмыс орны болды, зиянды еңбек жағдайында 53 272 қызметкер, немесе «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерінің жалпы санының 40% жұмыс істейді. G4-LA7



2016 жылғы еңбек жағдайы зиянды жұмыс орындарының жалпы санында келесі өндірістік факторлары бар жұмыс орындарының үлесі үлкен:

— еңбектің ауырлығы – 43,3%;
— шуыл – 37,2%;
— еңбектің қауырттылығы – 9,3%;
— жалпы діріл – 0,87%;
— микроклимат – 1,87%;
— химиялық фактор – 2,03%;
— тозаңдануы – 1,21%;
— электрмагниттік сәулелену – 4,1%.

Өндірістегі жазатайым оқиғалардың санын төмендетуге бағытталған еңбектің қорғалуын басқару жүйесіндегі негізгі алдын алу шараларының бірі басшыларды, мамандарды және қызметкерлерді еңбекті қорғау талаптарына оқыту болып табылады.

*19-диаграмма. Өндірістік жарақаттанушылық көрсеткіштері*




Компанияда заңнаманың және Компанияның жергілікті актілерінің талаптарына сәйкес қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелеріне жауапты тұлғаларды және өндірістік қызметкерлерді оқыту ұйымдастырылған. Мысалы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистралдық желі дирекциясы» филиалында 2016 жылы қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау үшін жауапты 2 200 астам тұлға оқытылды.

Бөгде азаматтармен жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында темір жолда болу қағидалары туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді:

— бөлек пункттердің тұрғындарымен 5 360 жиналыс өткізіліп, оларға 116 мың азамат қатысты;
— оқу орындарында, мектептерде 3 мыңнан астам түсіндіру сұхбаттары жүргізілді;
— бұқаралық ақпарат құралдарында 300-ден астам материал жарияланды: газеттерде – 302, теледидарда – 14, радиода – 22.

Көлік полициясымен бірлесіп 3 644 рейд өткізіліп, олардың барысында рұқсат етілмеген жерлерден темір жолды кесіп өту кезінде 10 990 бұзушылық анықталды. Ереже бұзушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бөгде азаматтардың жазатайым оқиғаларға ұшырауын болдырмау мақсатында 812 көрсеткіш және ескертуші қауіпсіздік белгілері орнатылды, 909 белгі жаңартылды, пойыздардың жақындап қалғаны туралы хабарлайтын 108 технологиялық хабарлау құралдары енгізілді.

Станциялық жолдарды қоршау жұмысы жүргізілуде – жоспар 209,5 шақырым болғанда ұзындығы 142,7 шақырымды құрайтын учаске қоршалды (Алматы – Петропавл жоспар 79,9 шақырым болғанда 34,88 шақырым орнатылды; Астана – Ақтөбе жоспар 51,533 шақырым болғанда 33,96 шақырым орнатылды; Алматы – Атырау жоспар 42,572 шақырым болғанда 38,36 шақырым орнатылды; Қорғасын – Шымкент – Қызылсай – жоспар 35,5 шақырым болғанда 35,5 шақырым орнатылды).

Компания жүргізіп отырған жұмыстың нәтижесінде өндірістік жарақаттанушылық көрсеткіштері 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді:

- жалпы – 17%-ға;
- қаза болумен – 17%-ға;
- ауыр жағдаймен – 50%-ға. G4-LA6

# Қозғалыс қауіпсіздігі

Компанияның барлық тасымалдау процесі жолаушылар мен жүк иелерінің денсаулығы мен өмірі үшін де, тартылған қызметкерлер алдындағы да жауапкершілігі жоғары. Міне сондықтан Компания басшылығы қозғалыс қауіпсіздігі мәселелеріне аса көп көңіл бөледі. G4-СПМ, G4-PR1

2016 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындары қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 355 оқиғасына *(2015 жылы – 361, 6 оқиғаға азаю)*, соның ішінде пойыздық және маневрлік жұмыстағы 40 апаттық оқиғасына *(2015 жылы – 43)*, соның ішінде 12 ерекше апаттық оқиғасына *(2015 жылы – 17 оқиға)* жол берді.

**Компания шаруашылықтары** бөлінісінде жағдайы келесідей қалыптасып отыр. «ҚТЖ–Жүк тасымалдары» АҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 101 оқиғасына жол

берілді *(2015 жылы – 105)*, соның ішінде жұмыс барысындағы 26 ақаулық *(2015 жылы – 22 ақаулық, өсім 4 оқиғаға)*, соның ішінде қозғалыс шаруашылығы бойынша – 8 оқиғамен салыстырғанда 14, локомотив шаруашылығы бойынша – 6 оқиғамен салыстырғанда 8, жүк жұмысы шаруашылығы бойынша – 1 оқиғамен салыстырғанда 2, вагон шаруашылығы бойынша – 3 оқиғамен салыстырғанда 2.
***(Анықтама ретінде.** Ақаулық санының барынша көп өсіуіне қозғалыс шаруашылығында жол берілген (8 оқиғамен салыстырғанда 14), соның ішінде пойыздың 1 рет жолдан шығып кетуі (0 оқиғамен салыстырғанда), маневрлер барысында 11 рет жолдан шығып кету (3), 1 рет стрелканы қиып өту (1 оқиғамен салыстырғанда) және жылжымалы құрамның 1 рет жылжып кетуі (0 оқиғамен салыстырғанда).*

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистралдық желі дирекциясы» филиалы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 240 оқиғасына жол берілді *(2015 жылы – 242)*, соның ішінде 8 ақаулық *(2015 жылы – 20 ақаулық, 12 оқиғаға азаю)* жол шаруашылығында орын алды *(2015 жылы – 15 оқиға)*.
***(Анықтама ретінде.** 8 оқиғаның ішінде 7 жолдан шығып кету және пойыздың 1 сағаттан артық кешігуі 1 рет. Барлық жағдайларда себебі жолдар күтіміндегі бұзушылықтар болып табылады).*

«Қазтеміртранс» АҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 9 оқиғасына жол берілді *(2015 жылы – 8)*, соның ішінде 6 ақаулық *(1 оқиғамен салыстырғанда)*.
***(Анықтама ретінде.** Соның ішінде ақаулықтың 1 ерекше жағдайы – пойыздағы жылжымалы құрамының жолдан шығып кетуі (2015 жылы – 0), ақаулықтың 5 жағдайы – вагондардың жүк пойызынан ағытылып кетуі (2015 жылы – 0).*

«Жолаушылар тасымалы» АҚ бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың 5 оқиғасына жол берілді *(2015 жылы – 6)*, ақаулық жоқ.

**Жалпы алғанда, 2016 жыл қорытындылары бойынша** «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы бойынша қозғалыс қауіпсіздігінің жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланған және тәуекелдер картасының жасыл аймағында орын алып отыр *(2015 жылғы 6 қазандағы №855-ЦЗ бұйрығымен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да және ЕҰ-да қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы іс-шараларды бағалау және тиімділігін анықтауды жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес)*.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2016 жылға белгіленген **нысаналы тәуекел индикаторлары** – қозғалыс қауіпсіздігі саласы бойынша **нысаналарға (KRI) қол жеткізілді.**

<u>Қозғалыс қауіпсіздігін бұзу көрсеткіштеріне қатысты</u> – KRI–1.2 белгіленген 0,0015–0,0025 диапазонында млн тн/км бруттоға 0,0011 бұзушылықты құрап, тәуекелдер картасының жасыл аймағында орын алып отыр.

<u>Бұзушылықтар ауыртпалығы коэффициенті</u> – KRI–1.3 2015 жылға қарағанда **жақсартылып**, бұзушылықтардың жалпы санына шаққандағы 0,2 бастап, 0,3 дейінгі брактардың белгілінген диапазонында 0,12-мен салыстырғанда 0,11-ді құрады (тәуекелдер картасының жасыл аймағы).

<u>Ақаулықтар ауыртпалығы коэффициенті</u> – KRI–1.4 те **жақсартылып**, 0,2–0,4 белгілінген диапазонында ақаулықтардың жалпы санында ерекше ақаулықтар 0,4-тен 0,3 етіп **жақсартылды** (тәуекелдер картасының сары аймағы).

## Бенчмаркинг

Қазақстан Республикасында 2016 жылы жол берілген қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың жалпы санында «ҚТЖ» ҰК» АҚ есебіне жатқызылған бұзулар саны 38% құрады, немесе 2015 жылға қарағанда 9%-ға азайтылды *(2015 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ үлесі Қазақстан Республикасында жол берілген қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың жалпы санының 47%-ын құраған)*. G4-PR1

ТМД, Балтия елдері және Грузия теміржол әкімшіліктерінің нәтижелерімен салыстырғанда (*Теміржол көлігі жөніндегі орталық кеңесінің (ТЖКОК) 2016 жылдың 9 айы бойынша деректеріне сәйкес*), «ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіздікті бұзудың үлесті саны бойынша рейтингте Белоруссиядан (0,96) кейін екінші орынға ие – млн. пойыз/км-ге шаққанда жол жүру қауіпсіздігін 2,7 бұзушылық. Салыстыру ретінде, Ресей темір жолдарының осындай көрсеткіші 3,62; Украинада – 4,95; Латвияда – 5,8; Молдовада – 8,45; Эстонияда – 12,82; Литвада – 13,2; Әзербайжанда – 38,3; Грузияда – 47,7 және т.с.с.

2016 жылы Компанияда қозғалыс қауіпсіздігі жағдайын жақсартуға бағытталған **шаралар қолданды.**

2016 жылдың қыркүйегінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында тасымалдау процесінің қауіпсіздігін корпоративтік басқару жүйесі жөніндегі басшылықты (қозғалыс қауіпсіздігі) бекітті, ол пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін корпоративтік басқару жүйесінің (менеджментінің) (әрі қарай – ҚҚКБЖ) сипаттамасынан тұрады және оны жоспарлауға, іске асыруға, мониторингтеуге және тұрақты жетіл-

діруге қойылатын талаптарды анықтайды. Бұл құжат Компанияның пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі жүйесін үздік халықаралық практикаларға жақындатты.

Қозғалыс қауіпсіздігін басқару тәсілдерінің бірыңғайлығын қамтамасыз ету мақсатында басқару деңгейлері бойынша вертикальді қалыптастыру жұмысы жүргізілді. Қозғалыс қауіпсіздігінің ұйымдық құрылымы тікелей шаруашылық субъектілеріндегі бұзушылықтардың алдын алуға қайта бағдарланды. Өңірлік бөлімшелердегі қозғалыс қауіпсіздігі бөлімдері толықтырылып, желілік деңгейдегі барлық бөлімшелерінде тиісті мамандар енгізілді. Олардың жұмысын ұйымдастыру үшін өңірлік құрылымдардың қауіпсіздік бөлімдері туралы үлгі ережелер, желілік деңгейдің қауіпсіздік бойынша мамандарының нұсқаулықтары әзірленіп, шаруашылықтарға жіберілді. Осылайша, қозғалыс қауіпсіздігі қызметтерінің құрылымы бүгінгі таңда Компанияның барлық шаруашылықтары бойынша бүкіл басқару вертикалін қамтып, бұл ұтқырлықты, тәсілдер бірыңғайлығын, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріндегі үйлестіру мен бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның шамамен бес мың қызметкері 2016 жылы темір жолдағы авариялық және стандартты емес оқиғаларға жедел әрекет ету бойынша оқудан өтті.

Оқу станциялардың класын ескере отырып, кезең-кезеңімен өткізілді. Пойыздарды жөнелту және қабылдау, маневрлік жұмысты жүргізу кезіндегі бағыттамалық секциялардың жалған жұмыс істеуі, сигнализация мен байланыстың барлық құралдарының ақаулы болуы (сөндірілуі), вагондардың өздігінен жүріп кетуі, локомотивтердің тежегіш функцияларын жоғалтуы жағдайларында станция кезекшілерінің әрекеттеріне ерекше назар аударылды.

Авариялық және стандартты емес жағдайларда жедел әрекет ету мәселелеріне де локомотив бригадалары үшін жүргізілетін техникалық сабақтарда үлкен мән беріледі.

2016 жылғы 13 шілдеде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да «Қозғалыс қауіпсіздігі талаптарына сәйкес қызметкерлерді оқыту үдерісін жетілдіру» тақырыбына конференция өтті. Қозғалыс қауіпсіздігінің деңгейіне адами фактордың әсерін төмендету үшін біліктілік деңгейін тұрақты бақылау қажет ететін жұмысшы лауазымдарының тізбесі әзірленді.





**Табиғатты қорғау қызметіне жұмсалатын шығындар**

**700**

**млн. теңге**

**Электр энергиясын үнемдеу**

**33 950,40**

**мың кВт**

**Дизельдік отынды үнемдеу**

**148 082,34**

**тонна**

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК



# Экологиялық жауапкершілік

## Экологиялық менеджмент жүйесі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында және оның еншілес ұйымдарында ISO 14001:2004 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және оларды қолдану бойынша басшылық» халықаралық стандартына, ҚР СТ ИСО 14001–2006 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және оларды қолдану бойынша басшылық» сәйкес әзірленген Экологиялық менеджмент жүйесі жөніндегі басшылықты бекітті, ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының экологиялық менеджмент жүйесі бойынша негізгі құжаты болып табылады.

ISO 14001:2004 стандартының қағидаттарын сақтау Компанияға халықаралық сертификаттау органы – «SGS» компаниясынан сәйкестік сертификатын алуға мүмкіндік берді. G4-СПМ




*20-диаграмма. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жалпы көрсеткіштер G4-EN15, G4-EN31*

Атмосфераға парник газдардың шығарындылары, мың тонна $CO_2$ – балама




Табиғатты қорғау қызметіне жұмсалатын шығындар, млн. теңге




Экологиялық бұзушылықтар үшін айыппұлдық экономикалық санкциялардың сомасы, млн теңге




*2014 2015 2016 2015–2016 жж. өзгеріс*

# Қоршаған ортаға эмиссиялар

*21-диаграмма. «ҚТЖ» ҰК» АҚ қоршаған ортаға эмиссияларының динамикасы* G4-EN15







## Эмиссияны азайту бойынша орындалатын іс-шаралар

G4-EN19, LT3, LT5

1. Ластаушы заттардың шығарындысы аз «EVOLUTION» тепловоздарын енгізу ескі үлгідегі тепловоздармен салыстырғанда олардың атмосфералық ауаға шығарындысын 2,2 еседен төмендетуге мүмкіндік береді.
2. Тұйық үлгідегі дәретханалармен жабдықталған жаңа жолаушы вагондарын сатып алу теміржол төсемінің нәжіс микрофлорасымен бактериалды ластануын болдырмауға мүмкіндік береді.
3. Қазандықтарды қатты отыннан газ тектес отынға аудару стационарлы көздерден атмосфералық ауаның ластануын төмендетуге мүмкіндік береді.



# Ресурстарды тұтыну

«ҚТЖ» ҰК» АҚ энергияны елеулі түрде тұтынушы болып табылады, соған байланысты Компания Басқармасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Энергия үнемдеу бағдарламасын бекітті. Онда 2013 жыл мен 2020 жыл аралығындағы кезеңде шамамен 152 млрд. теңге сомасына шартты отынның (әрі қарай – ш.о.т.) 1,942 млн. тоннасын үнемдеу міндеті қойылды. G4-EN3

2016 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жалпы отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) шығысы шамамен 105,9 млрд. теңге сомасына 1 224,4 мың ш.о.т. құрады. Соның ішінде пойыздар тартымы – 1 109,1 мың ш.о.т. (90,6%), тартымдық емес қажеттіліктер – 115,3 мың ш.о.т. (9,4%). Пойыздар тартымына электр энергиясының 28,4% және Компания тұтынатын дизельдік отынның 71,6% жұмсалды немесе ОЭР барлық түрлерін тұтынудың шартты түрде есептегенде 90,6%-ға дейін жұмсалды. G4-EN3

*12-кесте. Пайдаланушылық-өндірістік (тартымдық емес) қажеттіліктерге ОЭР тұтынылуы*

| Көрсеткіш | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2016–2015 жж. өзгеріс, % |
|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясы, мың кВт.с | 388 474,10 | 355 708,40 | 308 603,80 | –15,26 |
| Көмір, тонна | 47 942,87 | 43 630,24 | 38 961,89 | –11,98 |
| Табиғи газ, мың м$^3$ | 2 685,96 | 2 362,33 | 2 282,12 | –3,51 |
| Бензин, тонна | 9 739,87 | 9 141,17 | 8 255,75 | –10,72 |
| Дизельді отын, тонна | 25 890,20 | 25 676,40 | 26 227,90 | 2,10 |
| Пеш отыны, тонна | 344,21 | 344,20 | 187,20 | –83,87 |
| ОЭР шығысы, ш.о.т. | 133 476,60 | 125 166,10 | 115 614,50 | –8,26 |
| ОЭР құны, млн. теңге (ҚҚС-мен) | 11 060,06 | 11 309,06 | 10 907,40 | –3,68 |
| ОЭР құны, мың тг/ ш.о.т. | 82,86 | 90,35 | 94,34 | 4,23 |

2014 жыл мен 2016 жыл аралығындағы кезеңде энергия ресурстарына ақшалай түрдегі шығыс ұлғайды, бұл ретте заттай түрдегі шығыс төмендеді. Бұл энергия ресурстарына бағаның жыл сайын өсуімен түсіндіріледі.

*13-кесте. 2016 жыл бойынша тартым қажеттіліктеріне ОЭР тұтынылуы (жылу тартымы плюс электр тартымы) G4-EN5, LT2*

| Көрсеткіш | 2015 ж. | 2016 ж. | 2015 жылға қарай, % |
|---|---|---|---|
| Жұмыс көлемі*, млрд. т. км. бр. | 367,65 | 363,65 | 98,91 |
| Пойыздарды тартымына ОЭР шығысы, мың ш.о.т. | 1 126,83 | 1 109,07 | 98,42 |
| Энергия сыйымдылығы, кг.ш.т./ 10 т.т. км. бр. | 30,65 | 30,50 | 99,51 |

* *Өнім (жұмыс) бірлігіне отын-энергетикалық ресурстардың меншікті шығыстарының төмендеу көрсеткіші.*

*14-кесте. 2014–2016 жылдардағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ энергия үнемдеу бағдарламасын іске асыру тиімділігі G4-EN6*

| Энергия ресурсының түрі | Көрсеткіші | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2015–2016 жж.өзгеріс, % |
|---|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясы | Электр энергиясын үнемдеу, мың кВт | 10 257,25 | 19 776,35 | 33 950,40 | 71,67 |
| | Электр энергиясына жұмсалатын шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 102,57 | 277,74 | 435,47 | 56,79 |
| Дизельдік отын | Дизельдік отынды үнемдеу, тонна | 80 042,60 | 88 427,00 | 148 082,34 | 67,46 |
| | Дизельдік отынға шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 9 064,13 | 12 027,08 | 17 492,52 | 45,44 |
| Көмір | Көмірді үнемдеу, тонна | 0,00 | 0,00 | 0,00 | – |
| | Көмірге шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 0,00 | 0,00 | 0,00 | – |
| Бензин | Бензинді үнемдеу, тонна | 32,10 | 38,00 | 12,80 | –66,32 |
| | Бензинге шығындарды үнемдеу, млн. теңге | 3,53 | 4,23 | 1,54 | –63,63 |
| **Барлығы млн. теңге** | | **9 170,24** | **12 309,05** | **17 929,54** | **45,66** |

*15-кесте. 2008–2016 жылдардағы ЖЭР жұмыс бірлігіне үлестік шығыстардың тиімділігі, шартты тонна кг/ 10 мың тонна км брутто*

| 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 37,20 | 37,07 | 37,01 | 36,67 | 34,83 | 34,71 | 35,52 | 34,04 | 33,67 |





# ҚОСЫМШАЛАР



# Қосымшалар

## Глоссарий

| Термин | Өлшем бірл. (егер қолдануға болатын болса) | Түсіндірме |
|---|---|---|
| Жүк айналымы | т.км (тонна-километр) | Жүк айналымы – тасымалдау арақашықтығы мен белгілі бір уақыт ішінде жеткізілетін жүктің салмағының көбейтіндісіне тең болатын көлік жұмысының экономикалық көрсеткіші (жүк тасымалдау көлемінің көрсеткіші).<br>Жүк айналымы тонна-километрмен өлшенеді. Мысалы, егер әртүрлі кемелер бір жылдың ішінде 150 км орташа арақашықтыққа 5 млн тонна жүкті тасымалдаса, онда жылдық жүк айналымы 5 × 150 = 750 млн. тонна-километрді құрайды. |
| Жолаушылар айналымы | жолаушы-км | Жолаушылар айналымы – жолаушыларды тасымалдау көлемін жолаушы-километрмен көрсету көрсеткіші, жолаушылар саны мен тасымал арақашықтығының көбейтіндісі ретінде есептеледі. |
| Орташа учаскелік жылдамдық | км/сағ | Аралық станцияларда тұру, аралықтарда пойыздың екпіндеу, баяулау және кідіру уақытын ескере отырып, учаске бойынша пойыз қозғалысының орташа жылдамдығы. Орташа учаскелік жылдамдықты анықтау үшін пойыздар санының учаскенің ұзындығына (км-де) көбейтіндісін осы учаске бойынша осы пойыздардың болу ұзақтығының (сағатпен) жиынтығына бөлу қажет:<br>$$V_у = \frac{\Sigma^{NS}}{\Sigma^{Nt_у}}$$<br>мұнда $\Sigma^{NS}$ – учаскедегі жиынтық пойыз-километрлер; $\Sigma^{Nt_у}$ – пойыздардың аралық станцияларда тұруын ескергендегі пойыз-сағаттар.<br>Учаскелік жылдамдық учаскенің өткізу қабілетіне, жолдың және жылжымалы құрамның техникалық күйіне, пойыздардың қозғалыс кестесіне және диспетчерлік реттеуге тәуелді. |
| Жарақаттанушылық жиілігі коэффициенті | | 1 000 қызметкерге келетін өндірістегі жазатайым оқиғалардың санын білдіретін коэффициент (Кж).<br>Есептеу формуласы:<br>$$Rf = \frac{T * 1000}{P}, \text{ мұнда}$$<br>T – осы кезеңде уақытша еңбекке қабілетсіздіктің аяқталғандығына тәуелсіз белгілі бір уақыт кезеңінде зардап шеккендердің жалпы саны.<br>P – осы уақыт кезеңіндегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны. |
| Тиелген вагонның динамикалық жүктемесі | т/ваг | Тиелген вагонның динамикалық жүктемесі тиелген вагонның бүкіл жүрген жолындағы орташа жүктемесін сипаттайды және жұмыс паркінің тиелген вагондарының жүріп өткен жолына пайдаланушылық нетто жүк айналымын бөлу арқылы есептеледі. |
| Жүк вагонының айналымы | тәулік | Бір тиелімнің аяқталу сәтінен келесі тиелімнің аяқталу сәтіне дейін немесе тиелген немесе бос күйінде тапсыруға дейін операциялардың циклін орындауға жұмсалатын уақыт. |
| Вагонның орташа тәуліктік өндірімділігі | т-км нетто | Жұмыс паркінің бір вагонына тәулігіне келетін километрге шаққандағы тонна саны. Нетто жүк айналымын қандай да бір уақыт кезеңіне жатқызылған вагондардың жұмыс паркіне бөлуден бөлінді ретінде есептеледі. |
| Жүк вагондарының орташа тәуліктік жүрісі | км | Вагонның орташа тәуліктік жүрісі – тәулігіне жұмыс паркінің бір вагонына келетін километрдегі жүру арақашықтығы. |

| Термин | Өлшем бірл. (егер қолдануға болатын болса) | Түсіндірме |
|---|---|---|
| Жүк вагонының толық сапары | км | Айналым уақыты ішінде вагон өтетін орташа арақашықтық. |
| Жүк вагонының тиелген сапары | км | Жүктелген күйде айналым уақыты ішінде вагон өтетін орташа арақашықтық |
| Пайдалану ұзындығы | км | Екінші басты жол, станциялық және т.б. секілді жолдарды ескермегендегі, станциялар арасындағы теміржол желілерінің ұзындығы. |
| Бас жолдардың толық ұзындығы | км | Барлық бас жолдар ұзындығының жиынтығы (бірінші, екінші, үшінші және т.б.). |
| Кірме жолдар | | Магистралдық желіде орналасқан теміржол станциясын өнеркәсіп орынмен немесе басқа ұйыммен қосатын темір жолдар. |
| Жылжымалы құрам | | Жүктерді және жолаушыларды темір жолдар арқылы тасымалдауға арналған теміржолдық жылжымалы бірліктер. |
| EBITDA | | Пайыздарды, салықтарды, тозуды және есептелген амортизацияны төлеу бойынша шығыстарды шегергенге дейінгі пайданың көлеміне тең келетін талдамалық көрсеткіш. |
| EBITDA margin | % | Компанияның кірістілігінің шамасы. Ол EBITDA мен түскен ақша арақатынасы ретінде есептеледі. |
| НЖС | | Магистралдық желінің өңірлік бөлімшелері. |
| «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания | | «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы. |
| Есеп | | Тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы есеп. |
| ЕТҰ | | Еншілес және тәуелді ұйымдар. |
| GRI G4 басшылығы | | Тұрақты даму саласындағы G4 есептілігі бойынша басшылық. |
| КФҚО | | «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көп функционалды қызмет көрсету орталығы» филиалы. |
| БҰҰ Жаһандық шарты | | Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ынталандыруға және осындай саясаттың жүзеге асырылуы туралы есептерді беруге бағытталған БҰҰ бастамасы. |
| Job matching | | Қызметкердің лауазымына сәйкестігін бағалауға бағытталған іс-шаралар бағдарламасы. |
| ТОИР | | Техникалық пайдалану, сақтау және тасымалдау барысында өндірістік жабдықтың (бұйымдардың, бөлшектердің) жұмысқа қабілеттігін немесе ақаусыздығын қолдау жөніндегі операциялар кешені. |
| ҚШК | | Қызметтің шешуші көрсеткіштері. |
| Орталық аппарат | | «ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық аппараты. |
| ОЭР | | Отын-энергетикалық ресурстар. |
| ИСО (ISO) | | Халықаралық стандарттау ұйымы (International Organization for Standardization). |
| ҚҚКБЖ | | Тасымалдау процесінің қауіпсіздігін басқарудың корпоративтік жүйесі. |

# Есепте GRI G4 есептілігінің жалпы стандарттық элементтерінің мазмұнын көрсеткіш

| Элемент коды | Есептілік элементтерінің тобы/ Аспект | Есеп бөлімдері/ түсініктемелер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| **Стратегия және талдау** | | | | |
| G4–1 | Ең үлкен басшының мәлімдемесі | Мүдделі тараптарға жолдау | 2 | |
| | | Есептің оқырмандарына жолдау | 3 | |
| **Ұйымның профилі** | | | | |
| G4–3 | Ұйымның атауы | Тарих | 12 | |
| G4–4 | Негізгі брендтер, өнім, сондай-ақ қызметтер | Компанияның географиялық және нарықтық қатысуы | 12 | |
| G4–5 | Ұйымның штаб-пәтері орналасқан жер | Компанияның географиялық және нарықтық қатысуы | 12 | |
| G4–6 | Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын елдердің саны | Компанияның географиялық және нарықтық қатысуы | 12 | |
| G4–7 | Меншік сипаттамасы және ұйымдық-құқықтық нысаны | Тарих | 12 | |
| G4–8 | Ұйым жұмыс істейтін нарықтар | Компанияның географиялық және нарықтық қатысуы | 12 | |
| G4–9 | Ұйымның ауқымы | Компанияны трансформациялау бағдарламасын іске асыру | 14 | |
| G4–10 | Қызметкерлердің саны | Қызметкерлер саны | 12 | |
| G4–11 | Ұжымдық шарттармен қамтылған барлық қызметкерлердің пайызы | Қызметкерлер | 33 | |
| G4–12 | Ұйымның жеткізу тізбегі | Жеткізілім тізбегі | 13 | |
| G4–13 | Ауқымдардың, құрылымның немесе меншіктің елеулі өзгерістері | Компанияны Трансформациялау бағдарламасын іске асыру | 15 | |
| G4–14 | Сақтық қағидаты | Сыртқы бастамаларға қатысу | 15 | |
| G4–15 | Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар немесе ұйым қосылған немесе қолдау көрсететін басқа бастамалар | Сыртқы бастамаларға қатысу | 15 | |
| G4–16 | Қауымдастықтарға мүшелік | Сыртқы бастамаларға қатысу | 15 | |
| **Айқындалған елеулі аспектілер және шекаралар** | | | | |
| G4–17 | Есептілігі есептілікке енгізілген заңды тұлғалар | Аспектілердің маңыздылығы мен шектері | 7 | |
| G4–18 | Есептің мазмұнын және Аспектілердің шекараларын анықтау әдістемесі | Аспектілердің маңыздылығы мен шектері | 6 | |

| Элемент коды | Есептілік элементтерінің тобы/ Аспект | Есеп бөлімдері/ түсініктемелер | Есептегі бет | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| G4–19 | Барлық елеулі Аспектілердің тізімі | Аспектілердің маңыздылығы мен шектері | 7 | |
| G4–20 | Ұйымның ішінде әрбір елеулі аспект бойынша Аспектінің Шекарасын сипаттау | Аспектілердің маңыздылығы мен шектері | 8-9 | |
| G4–21 | Ұйымның шегінен тыс әрбір елеулі Аспект бойынша Аспект Шекарасының сипаттамасы | Аспектілердің маңыздылығы мен шектері | 8-9 | |
| G4–22 | Алдыңғы есептерде жарияланған көрсеткіштердің барлық қайта тұжырымдамаларының салдарлары | Аспектілердің маңыздылығы мен шектері | 9 | Қайта тұжырымдау қолданылмады |
| G4–23 | Алдыңғы есептік кезеңдермен салыстырғанда Аспектілер шекараларының және қамтудың елеулі өзгерістері | Аспектілердің маңыздылығы мен шектері | 9 | Елеулі өзгерістер бақыланбады |
| **Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу** | | | | |
| G4–24 | Мүдделі тараптар топтарының тізімі | Мүдделі тараптарды тарту | 5 | |
| G4–25 | Мүдделі тараптарды айқындау және іріктеу қағидаттары | Мүдделі тараптарды тарту | 5 | |
| G4–26 | Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге ұйымның тәсілдемесі | Мүдделі тараптарды тарту | 5 | |
| G4–27 | Ұйыммен өзара әрекеттесу аясында мүдделі тараптармен көтерілген негізгі тақырыптар және қауіптіліктер, сондай-ақ ұйымның осындай негізгі тақырыптарға және қауіптіліктерге қалай әрекет еткендігі | Мүдделі тараптарды тарту | 5 | |
| **Есеп туралы жалпы мәліметтер** | | | | |
| G4–28 | Есептік кезең | Есеп туралы | 4 | |
| G4–29 | Алдыңғы Есепті жариялау күні | Есеп туралы | 4 | |
| G4–30 | Есептілік циклі | Есеп туралы | 4 | |
| G4–31 | Байланысу тұлғасы | Байланыс деректері | 59 | |
| G4–32 | GRI басшылығына сәйкес Есепті дайындау нұсқасы | Ашыу деңгейі және верификация | 9 | |
| G4–33 | Есептіліктің сыртқы куәландырылуын қамтамасыз етуге қатысты ұйымның тәжірибесі | Ашыу деңгейі және верификация | 9 | |
| **Корпоративтік басқару** | | | | |
| G4–34 | Ұйымды корпоративтік басқару құрылымы | Корпоративтік басқару | 18 | |
| **Этика және парасаттылық** | | | | |
| G4–56 | Мінез-құлық кодекстері және этикалық кодекстер секілді ұйымның әрекет ету нормалары және құндылықтары, қағидаттары, стандарттары | Этика және адалдық | 22 | |

# Есепте GRI G4 есептілігінің ерекше стандартты элементтерінің мазмұнын көрсеткіш

| Элемент коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есеп бөлімшелері / түсініктемелер | Есептегі беті | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| | | **«Экономикалық» санаты** | | |
| | | **Экономикалық нәтижелілігі** | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Экономикалық тиімділік | 26 | |
| G4-EC1 | Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн | Құрылған және таратылған экономикалық құн | 26 | |
| G4-EC3 | Белгіленген жеңілдіктермен зейнетақы жоспарларына байланысты ұйымның міндеттемелерін қамтамасыз ету | Зейнеткерлерге қамқорлық | 35 | |
| | | **Тікелей емес экономикалық әсерлер** | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Тікелей емес экономикалық әсерлер | 27 | |
| G4-EC7 | Инвестициялардың дамуы және инфрақұрылымға әсері және өтеусіз қызметтер | Тікелей емес экономикалық әсерлер<br>Денсаулық сақтау және медициналық қамтамасыз ету | 27<br>38-39 | |
| G4-EC8 | Әсер ету саласын қосқанда, тікелей емес елеулі экономикалық әсерлер | Тікелей емес экономикалық әсерлер<br>Қызметкерлер | 28-29<br>34 | |
| | | **Сатып алу тәжірибелері** | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Жергілікті жеткізушілердің үлесі | 27 | |
| G4-EC9 | Қызметті жүзеге асырушы елеулі өңірлердегі жергілікті жеткізушілердегі шығыстардың үлесі | Жергілікті жеткізушілердің үлесі | 27 | |
| | | **«Экологиялық» санаты** | | |
| | | **Энергия** | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Экологиялық менеджмент жүйесі | 46 | |
| G4-EN3 | Ұйымның ішіндегі энергияны тұтыну | Ресурстарды тұтыну | 47 | |
| G4-EN5 | Энергия сыйымдылығы | Ресурстарды тұтыну | 48 | |
| G4-EN6 | Энергия тұтынудың қысқаруы | Ресурстарды тұтыну | 48 | |
| | | **Лақтырындылар** | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Экологиялық менеджмент жүйесі | 46 | |
| G4-EN15 | Парник газдардың тікелей лақтырылуы (1 қамту облысы) | Қоршаған ортаға эмиссиялар | 47 | |
| G4-EN19 | Парник газдардың лақтырындыларын қысқарту | Қоршаған ортаға эмиссиялар | 47 | |
| | | **Жалпы ақпарат** | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Экологиялық менеджмент жүйесі | 46 | |
| G4-EN31 | Типтері бойынша бөліп көрсетумен, қоршаған ортаны қорғауға жалпы шығыстар мен инвестициялар | Экологиялық менеджмент жүйесі | 46 | |

| Элемент коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есеп бөлімшелері / түсініктемелер | Есептегі беті | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| | **«Әлеуметтік» санаты** | | | |
| | **«Еңбек қатынастарының практикасы және лайықты еңбек» қосалқы санаты** | | | |
| **Жұмыспен қамту** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Әлеуметтік жауапкершілік | 32 | |
| G4-LA1 | Жаңадан қабылданған қызметкерлердің жалпы саны және пайызы, сондай-ақ жас тобы, жынысы және аймағы бойынша бөлумен кадрлардың тұрақтамауы | Қызметкерлер | 32-33 | |
| **Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 40 | |
| G4-LA6 | Өндірістік жарақаттылық түрлері және деңгейі, кәсіби аурулардың деңгейі, жоғалған күндердің коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өңірлері және жынысы бойынша бөліп, жұмыспен байланысты өлім жағдайларының жалпы саны | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 40-41 | |
| G4-LA7 | Қызметіне байланысты жарақат алуы жоғары және науқастану тәуекелі жоғары қызметкерлер | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау | 40 | |
| **Дайындау және білім** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Оқыту | 38 | |
| G4-LA9 | Қызметкерлерінің жынысы және санаттары бойынша бөлумен бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа жылдық саны | Оқыту | 38 | |
| G4-LA10 | Қызметкерлердің еңбекке қабілетін қолдауға, сондай-ақ мансабы аяқталған кезде оларға қолдау көрсетуге шақырылған, өмір бойы білім алу және машықтарын дамыту бағдарламалары | Жас қызметкерлерге қамқорлық | 36 | |
| **Кемсітпеу** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қамқорлық | 37 | |
| G4-HR3 | Қабылданған түзету әрекеттерінің жалпы саны және кемсіту жағдайлары | Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қамқорлық | 38 | |
| **Қауымдастық және ұжымдық келіссөздерді жүргізу еркіндігі** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Қызметкерлер | 33 | |
| G4-HR4 | Қауымдасу және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігін пайдалануға құқықтары бұзылуы мүмкін немесе елеулі тәуекелге ұшырауы мүмкін жеткізушілер бар анықталған бөлімшелер және осы құқықтарды қолдау үшін қабылданған әрекеттер | Қызметкерлер | 33 | |
| **Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Оқыту | 38 | |
| G4-HR7 | Жүзеге асырылатын қызметімен байланысты адам құқықтарының аспектілеріне қатысты процедураларға және саясаттарға оқыған қауіпсіздік қызметкерлерінің үлесі | Оқыту | 38 | |

| Элемент коды | Есептілік элементтерінің тобы/Аспект | Есеп бөлімшелері / түсініктемелер | Есептегі беті | Ескертпелер |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қоғам» қосалқы санаты** | | | |
| **Жергілікті қауымдастықтар** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қамқорлық | 37 | |
| G4-SO1 | Жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесудің жүзеге асырылған бағдарламаларымен, жергілікті қауымдастықтарға қызметтің әсерін бағалау бағдарламаларымен және жергілікті қауымдастықтарды дамыту бағдарламаларымен бөлімшелердің пайызы | Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қамқорлық | 37-38 | |
| **Жемқорлыққа қарсы әрекет ету** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Этика және адалдық | 23 | |
| G4-SO3 | Жемқорлықпен байланысты тәуекелдерді бағалау жүргізілген бөлімшелердің жалпы саны және пайызы және анықталған елеулі тәуекелдер | Этика және адалдық | 23 | |
| G4-SO4 | Жемқорлыққа қарсы әрекет ету әдістері және саясаттары туралы ақпараттандыру және оған үйрету | Этика және адалдық | 23 | |
| G4-SO5 | Жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар | Этика және адалдық | 23 | |
| **Талаптарға сәйкестік** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Талаптарға сәйкестік | 29 | |
| G4-SO8 | Заңнаманы және нормативтік талаптарды қадағаламауы үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақшалай сомасы және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны | Талаптарға сәйкестік | 29 | |
| | **«Өнім үшін жауапкершілік» қосалқы санаты** | | | |
| **Тұтынушының денсаулығы және қауіпсіздігі** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Қозғалыс қауіпсіздігі | 41 | |
| G4-PR1 | Денсаулыққа және қауіпсіздікке әсері жақсартуға мүмкіндіктерді айқындау үшін бағаланатын өнімдердің және қызметтердің елеулі санаттарының пайызы | Қозғалыс қауіпсіздігі | 41 | |
| G4-PR2 | Өнімдер мен қызметтердің денсаулығына және қауіпсіздігіне әсері туралы нормативтік талаптарды және ерікті кодтарды сақтамау оқиғаларының әсер ету түрі бойынша жалпы саны | Бенчмаркинг | 42 | |
| **Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпау** | | | | |
| G4-СПМ | Менеджмент саласындағы тәсілдемелер туралы мәліметтер | Талаптарға сәйкестік | 29 | |
| G4-PR8 | Тұтынушылар туралы деректерді жоғалтуға және тұтынушының жеке өміріне қол сұғушылыққа қатысты негізделген шағымдардың жалпы саны | Талаптарға сәйкестік | 29 | |
| | **«Көлік және логистика» салалық аспектілері** | | | |
| LT2 | Қозғалтқыштардың типтері, жанармай тұтынуы және қоршаған ортаға әсері бойынша көлік құралдары паркін бөлу | Ресурстарды тұтыну | 48 | |
| LT3 | Келесілерді қосқанда, қоршаған ортаға әсерді басқару бойынша саясаттар мен бағдарламалардың сипаттамасы:<br>• тұрақты тасымалдар бойынша бастамалар;<br>• жаңа түрлерге және формаларға өту;<br>• бағдарларды жоспарлау. | Эмиссияны азайту бойынша орындалатын іс-шаралар | 47 | |
| LT5 | Жол көлігімен байланысты атмосфераға лақтырындыларды бақылау бойынша бастамалардың сипаттамасы | Эмиссияны азайту бойынша орындалатын іс-шаралар | 47 | |

# Байланыс деректері

Тұрақты даму саласындағы есеп, сондай-ақ тұрақты
даму туралы қосымша ақпарат
www.railways.kz
корпоративтік сайтында берілген.

Осы Есепте берілген ақпаратпен байланысты сұрақтарды
келесі мекен-жайға жіберуге болады:
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ, 010000,
Қазақстан Республикасы, Астана қ-сы, Қонаев көшесі, 6.

**Мужиков Руслан**
Стратегия, GR және корпоративтік даму
департаментінің бас менеджері,
тел. +7 (7172) 60–38–37,
электрондық почта: Muzhikov_R@Railways.kz

Design & printing by NBA Kazakhstanika
236 "B" Gagarin Ave., office 319
Almaty, Kazakhstan
+7 727 266 25 07
kazakhstanika.kz


ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ